

ШАРТАРАП

**КӨРШІЛЕРІМІЗ ҚАЛАЙ КҮРЕСІП ЖАТЫР?**

6-БЕТТЕ



РУХАНИЯТ

**ТЕГІМІЗГЕ ЖАТ ӘУЛЕКІЛІК**

8-9-БЕТТЕРДЕ



МӘДЕНИЕТ

**«НАЗДЫҢ» НАҚЫШТАРЫ**

16-БЕТТЕ

@NurSultanNewsBot t.me/elordainfo

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ / 1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

# ASTANA AQSHAMY

Nur-Sultan ҰЛЫ ДАЛА ЖҮРЕГІ

ОҚЫРМАНМЕН БІРГЕ! 30 жыл

№88 (4057) | Сейсенбі | 28 шілде 2020 жыл

# БАС ҚАЛА МЕН БАСПАНА



Биыл елордада көптен күткен жаңа баспанасына қол жеткізіп, қоныстойын тойлайтындардың саны көбейеді. Өйткені қала басшылығы 20 көппәтерлі тұрғын үй кешенінің құрылысын аяқтап, пайдалануға береді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда екі есеге көп. Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов биыл 8 мыңға жуық үлескердің мәселесі оң шешілетінін хабарлады. Бас қалада баспанасының жоқтығынан қиындық көріп жүрген қаншама адамның жүзіне қуаныш үйіріледі десеңізші!



## ДӘРІГЕРЛЕРГЕ МЫҢ АЛҒЫС!

«Нұр-Сұлтан» қалалық психикалық денсаулық орталығы 15 маусымнан бастап коронавирус жұқтырған науқастарға арналған жұқпалы аурулар ауруханасы болып өзгертілген болатын. Бір жарым айдың ішінде мұнда 1044 науқас емделді.

– Бүгін соңғы науқас жазылып шықты. Бәріміз тәулік бойы жұмыс істедік. Фармацевт Мелисса Самеева бәрін дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етті, менің орынбасарым Лариса Гом, бас медбике Гүлнәр Алтынбекова аянбай тер төкті. Төсек-орындар жеткізу, реанимацияны орналастыру өте қиын болды. Бірақ Айнагүл Жамбурчинова, Салтанат Мусина сияқты білікті дәрігерлер арқасында қиындықты еңсердік, – дейді қалалық психикалық денсаулық орталығының директоры міндетін атқарушы Ольга Комарова.

58 жастағы Уәлихан – клиникадағы COVID-19-ды жеңген ең соңғы пациент. «Мен орталықтың барлық қызметкерлеріне алғысымды білдіргім келеді. Емдеудің барлық кезеңінде мен орталық қызметкерлерінің тарапынан үлкен қамқорлық сезіндім. Дәрі-дәрмектер мен қажеттінің бәрі сол жерде болды. Тамағы да өте жақсы. Медбикелерге және дәрігерлерге рақмет» дейді ол.

Ольга Комарованың айтуынша, дезинфекциядан кейін психикалық денсаулық орталығы жақында өзінің бұрынғы профиліне сәйкес жұмысын бастайды.

**COVID-19 ҚАЗАҚСТАНДА**

| | |
|---|---|
| АУРУ ЖҰҚТЫРҒАНДАР: | 83122 |
| ЖАЗЫЛЫП ШЫҚҚАНДАР: | 52571 |
| ҚАЙТЫС БОЛҒАНДАР: | 585 |

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ € EUR/KZT 480.18 $ USD/KZT 414.9 ₽ RUB/KZT 5.79 ¥ CNY/KZT 59.04

www.astana-akshamy.kz

№88 (4057) 28 шілде 2020 жыл
ASTANA AQSHAMY www.astana-akshamy.kz
@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

# ДӘРІ-ДӘРМЕК ЖЕТКІЗІЛДІ

**Нұр-Сұлтанға ұшақпен COVID-19, пневмония және басқа да бірқатар ауруларға қарсы 2,5 млн дана дәрі-дәрмек жеткізілді. Олардың ішінде 550 мың қорап парацетамол мен ибупрофен, 300 мыңнан астам антикоагулянттар қаптамасы – ксарелто мен аспирин бар, сондай-ақ 1,4 млн бактерияға қарсы препараттар қаптамасы: азитромицин, цефтриаксон, левофлоксацин, велпенем; 30 мың вирусқа қарсы препараттар және т. б. бар.**



Шілденің ортасынан бастап қалаға 110 тоннаға жуық дәрі-дәрмек жеткізілді. Тексеруден кейін (1-2 күн) дәрі-дәрмектер дәріхана желілеріне таратылады. Бұл жүктер гуманитарлық көмек емес. Әкімдік дәрі-дәрмекті сатып алуға және тасымалдауға көмек көрсетіп, дәріхана желілерінің дистрибьютерлеріне айналым қаражатын бөледі. Қала ауруханалары мен емханаларында дәрі-дәрмек қоры бар – олар уақытылы толтырылып отырады. Медицина мекемелеріне қосымша медициналық жабдықтар – 150 флуометр, 350-ден астам оттегі концентраторы, 500 арнайы кереует жеткізілді. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету және қосымша медициналық құралдарды сатып алу жұмыстары тұрақты негізде жүзеге асырылуда.

## СҮБЕЛІ СӨЗ

Мұхтар ҚҰЛ-МҰХАММЕД,
Сенат депутаты:

**Қазір әрбір дәрілік препарат пен медициналық бұйым есепке алынып, дәрігерлеріміз әрбір сырқаттың денсаулығы мен өмірін сақтап қалу үшін жанкиярлықпен күресіп жатқан кезде мұндай сұмпайы кәсіпкерлердің ашкөздігі мен арамзалығы жағаны ұстатады. Олардың арам пиғылының ауқымы біздің мыңдаған отандасымыздың өміріне қауіп төндіріп, еліміздің денсаулық сақтау жүйесіне орасан зор нұқсан келтіре жаздады.**

(27.07.2020 ж. Бас прокурорға жолдаған хатынан)

# БАС МАМАННАН БАСТАҒАН...

**Қала әкімінің орынбасары Алтынбек Қайсағалиевтің басқа жұмысқа ауысуына байланысты Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары тағайындалды.**

Қаланың онлайн-активінде елорда әкімі Алтай Көлгінов А.Қайсағалиевке үлестік құрылыс мәселелерін шешуге бағытталған жұмысы, су тасқынына қарсы іс-шараларды табысты өткізгені, «Нұр-Сұлтан – жайлы қала» мастер-жоспары қағидаты бойынша қоғамдық кеңістіктер мен аулаішілік аумақтарды дамытып, басқа да бірқатар маңызды міндеттерді табысты орындағаны үшін алғыс білдірді. Президент Әкімшілігімен келісе отырып, әкімнің орынбасары қызметіне 47 жасар Нұрлан Солтамбеков тағайындалды. Ол 20 жылдан астам уақыт мемлекеттік қызметте еңбек етіп келеді. Мамандығы – инженер-құрылысшы. Еңбек жолын ағаш ұстасы цехының шеберінен бастады. Әр жылдар бойы бірқатар басқармаларда түрлі позицияларда еңбек етті. 5 жыл бойы елорданың Коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары лауазымында жұмыс істеді. Соңғы жылдары Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасын, Отын-энергетика кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасын басқарды. Меритократия қағидатына сәйкес бас маманнан қала басшысының орынбасарына дейін еңбектенді. Елорда әкімі бірқатар міндеттер қойды.



# ЕЛОРДАНЫҢ 3D КАРТАСЫ ЖАСАЛАДЫ

**Нұр-Сұлтан қаласының 3D картасы жасалып, ғимараттар мен инженерлік желілер цифрландырылады. Бұл туралы қалалық Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы мәлім етті.**



«Нұр-Сұлтан қаласының 3D сандық картасын жасауға 100-ден астам маман тартылды. Олардың қатарында жерді қашықтан зондтау, аэрофотүсірілім, картография, фотограмметрия, ақпараттық технологиялар жөніндегі кәсіп иелері бар. Қаланың 3D картасы мен инженерлік желілерді цифрландырылу жұмысы 3 кезеңнен тұрады. Алдымен қаланың 2D картасын жасау, содан соң 3D картаны әзірлеу және үшінші кезең – инженерлік желілер картасын дайындау. Бұл бағыттағы жұмыс осы жылдың 10 маусымында басталды, аяқтау 2021 жылдың 31 желтоқсанына жоспарланып отыр» делінген хабарламада. Сондай-ақ аталған басқарма қазіргі уақытта қаладағы инженерлік желілер бойынша қандай проблемалар барын да атап өтті. «Бүгінгі таңда қаланың инженерлік желісінің басты проблемасы – картада координаттар дұрыс орналастырылмаған. Сондықтан қандай да бір жер жұмыстарын жүргізу кезінде инженерлік желілерді зақымдау қаупі бар. Бұл мәселені шешу үшін инженерлік желілердің бірыңғай картасы болуы шарт. Сондай-ақ аталған карта коммуналдық қызмет, қала әкімдігі және басқа да мүдделі тараптардың жұмысы барысында қажет» деп хабарлайды басқарма.

Аталған мекеменің мәліметінше, цифрландыру және 3D жұмысына толықтай отандық мамандар тартылады. «Цифрлық 2D/3D картасын жасау ең алдымен XXI ғасырдың технологияларына сәйкес қала құрылысын жоспарлау үшін, сондай-ақ цифрлық бас жоспар құру үшін қажет. Елордадағы ғимараттар мен инженерлік желілерді цифрландыру жұмыстарына «KazAeroSpace» ЖШС жауапты және онда толықтай отандық мамандар жұмыс істейді. Бұл жауапты ұйым қаланың картасын фотограмметрия ғылымының негізіне сүйеніп әзірлейді және ол технологияның патенті мен авторлық құқығы бар» деп жазылған сауал жауабында.

# БАҒАНЫ ТҰРАҚТАНДЫРУ – БАСТЫ НАЗАРДА

**Нұр-Сұлтан қаласы Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының басшысы Ерлан Бекмұрзаев онлайн брифингте елордадағы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағаларын тұрақтандыру бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндады.**

Оның айтуынша, жыл басында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағалары 111,8 пайызды құрады. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,8 пайызға төмен.

– Азық-түліктің түрлерінен, негізінен, көкөністер мен қант, макарон, сиыр еті және басқаларының бағасы өскен. Ал орамжапырақтың бағасы 12,8 пайызға, сол сияқты күріш және құс еті мен тауық жұмыртқасының бағасы төмендеді. Қаңтар-сәуір айларында баға қымбаттаса, жаңа өнімдер бағасының өсуіне байланысты баға қайтадан арзандай бастады. Елордада бағаны тұрақтандыру бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. 20 мың тонна өнім бойынша келісімшартқа қол қойылды. Бұл ірі сауда орындарындағы азық-түлік бағасын бақылауға мүмкіндік береді. Осы келісімшарт



бойынша биылғы желтоқсан айынан 2021 жылдың мамыр айына дейін, картоп, сәбіз, пияз, орамжапырақ және күріш, биылғы сәуірден 2021 жылдың сәуіріне дейін күнбағыс майының бағасы бақылауда болады. Осы ретте азық-түлік бағасын тұрақтандыру шараларына қосымша жергілікті бюджеттен 1 миллиард теңге қарастырылды. Жалпы, бұл жұмысқа 3,6 миллиард теңге бөлінген болатын, – деп түсіндірді ол.

## АСТАНАДАН АУЫЛҒА ДЕЙІН...

### ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Жарма ауданында биыл «Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020» бағдарламасы аясында жалпы құны 655848 мың теңгені құрайтын 25 жобаны іске асыру көзделген. Жұмыс жоспарына сәйкес құрылатын жұмыс орындар саны 174 болса, оның ішінде жұмыспен қамту орталығы арқылы жұмысқа жұмылдырылған азаматтардың саны 100-ге жетіп отыр.

### ҚЫЗЫЛОРДА

Балаларға арналған 30 ойын алаңы салынады. Бұл жұмыстар «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасы аясында қолға алынып отыр. Қазіргі таңда 18 нысанның құрылысы толығымен аяқталды. Қалған 12 алаңды жүзеге асыру жұмыстары жалғасуда. Сонымен қатар қала бойынша 60-тан аса ойын алаңына жөндеу жүргізілуде.

### ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

Сарыағаш ауданында 1 алқаптан 2-3 рет өнім алу жобасы аясында жұмыс жүргізуге жалпы 400-ге жуық шаруа қожалығы ниет білдіріп, егіс көлемі 917,6 гектар болатын инновациялық жоба іске асырылуда. Бір алқаптан 2-3 өнім алу жобасы бойынша қазіргі таңда 36704 тонна бірінші өнім жиналған.

### АТЫРАУ

Соңғы екі аптада өңірге 80 тоннадан аса дәрі-дәрмек шұғыл түрде жеткізілген. Облыс әкімінің тапсырмасымен «Атырау» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы тарапынан бөлінген қаржыға Нижний Новгородтан 20 тоннаға жуық медикаменттік заттар сатып алынған.

### АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

Бурабайда жыл соңына дейін Бурабай ауданы, демалыс орны және Шортанды елді мекенінен шығатын қоқыс-қалдықты өңдейтін зауыт салу жоспарланып отыр. Зауыт инвестордың есебінен салынады және ол үшін 200 млн теңге көлемінде қаражат жұмсалмақ. Зауыт тек қана қоқысты тазалап қана қоймай, оны сұрыптап, өңдейді.

# КӨЛДЕРГЕ КҮЗЕТ ҚОЙЫЛДЫ

**Елорда маңындағы көлдер карантин аяқталғанға дейін күзетіледі. Санитарлық нормалардың бұзылуына жол бермеу мақсатында Ақмола облысы Полиция департаменті басшылығының тапсырмасымен Көбейтұз көліне баратын екі автожолда тыйым салынған аумаққа кіруді және шығуды бақылау бойынша үш мобильді бекет қойылды.**

Полиция экипаждары қосымша патрульдеуді көлдің жағалау аймағында жүзеге асырады. Карантиндік іс-шараларға барлығы 15 полиция қызметкері, СЭС пен аудан әкімдігінің өкілдері жұмылдырылды. Сондай-ақ ауданның жергілікті атқарушы органдары жасанды бөгеттерді орнату бойынша жұмыстар жүргізді.

Тек алғашқы демалыс күндері ғана полицейлер 34 әкімшілік құқық бұзушылықты анықтады. 18 рет адамдар қоғамдық тәртіпті бұзып, 16 жағдайда жол қозғалысына қауіп төндірген.




# ТӘРТІП БҰЗҒАН ОРЫНДАР АНЫҚТАЛДЫ

**Полицейлер мен Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің мобильді тобы карантин тәртібін бұзушыларды анықтау бойынша кезекті рейд жүргізді. Індет кезінде бірқатар мекемелерде санитарлық ережелер сақталмайтыны анықталды.**



Солардың бірі – Тұран даңғылы, 2 мекенжайында орналасқан «Аура» кафесі. «Жазғы террассада қойылған 15 үстелдің барлығында келушілер болды. Олардың арасында қашықтық сақталмаған. Кафе ішіндегі караокенің екі кабинасында да адамдар болды. Маска тағу тәртібі сақталмаған. Жарлыққа сәйкес жұмыс уақыты 22:00-ге дейін болса да, кафе сағат 23:00-де әлі жұмыс жасап тұр» дейді Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігі азаматтық қорғаныстың қамтамасыз ету орталығының бас маманы Жеңіс Камалиев. «Аталған факті бойынша жергілікті полиция қызметкерлері аудандық СЭС басқармасына хабарлама жіберді. «Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнама талаптарын, сондай-ақ гигиеналық нормативтерді бұзу» бабы бойынша тиісті шаралар қабылданады» деді мобильді топтардың үйлестірушісі Аман Оспанов.

Баптың санкциялары үлкен айыппұл салуды қарастырады. Жауапты тұлғалар бизнес иелері мен келушілерді барлық қоғамдық орындарда санитарлық нормаларды қатаң сақтауға шақырады: санитайзерлерді қолданып, маска тағу, қашықтық сақтау керек.

Өткен аптада Нұр-Сұлтанда полиция қызметкерлері, эпидемиологтар, еріктілер, жергілікті атқарушы органдардың өкілдерінен тұратын мобильді топтар 227 карантин тәртібін бұзушылықты анықтаған болатын. Оның ішінде маска тағу және әлеуметтік қашықтық сақтаудың міндетті талаптарын бұзу – 146 болса, тыйым салынған уақытта қызметін жүзеге асырған 81 кәсіпкерлік субъекті карантин талаптарын бұзған.

# 55 КӨШЕДЕ ЖӨНДЕУ АЯҚТАЛДЫ

**Биыл 150 көше жөнделеді, оның 100-і – тұрғын алаптарда, деп хабарлайды әкімдіктің ресми сайты. Қаланың орталық көшелерінде 32,5 км жол жөнделді.**

27 көшеде орташа жөндеу жұмыстары аяқталды, олар: Қ.Сәтбаев, әл-Фараби (Байырқұм к-сі), Угольная көшесінің жалғасы, Кенесары, А.Байтұрсынов, Таха Хусейн, Асан қайғы, С.Торайғыров көшелері, Тұран даңғылы, Достық, Д.Қонаев, Түркістан, Ақмешіт көшелері, 319 (BI Village-ға баратын жол) к-сі, М.Мақатаев көшесінің жалғасы (арнайы көлік жолы), Нұрлыжол к-сі, Нұржол бульвары, Сауран к-сі, Абай даңғылы, Бөгенбай батыр даңғылы, Жеңіс даңғылы, Конституция к-сі, Шұғыла к-сі, Бұхарбай батыр к-сі, Мәскеу к-сі, «Тұлпар» көпірінің бұрылысы, Ы.Дүкенұлы к-сі.

Тоғыз көшеде (10,93 км): Амман к-сі, Шарль де Голль к-сі, Алаш тас жолы, Оқжетпес к-сі, Бейбітшілік к-сі, Р.Дүйсенбаев к-сі, Бабатайұлы к-сі, М-2 көпірі өткелі, Сарайшық көшесі бойындағы жергілікті өткел. Тұрғын алаптарда 28 көшеде жұмыстар аяқталды. Атап айтқанда, Балуан Шолақ к-сі, М.Төлебаев к-сі, А.Байтұрсынов көшесінің кіреберісі, Сүтбұлақ к-сі, Марқакөл тұйық к-сі, Қарасаз к-сі, Нұрлы тұйық к-сі, Ақберген тұйық к-сі, Орхон к-сі, Шырайлы, Сайрам, Ақбидай, Кеңшалғын көшелері, Ақпан тұйығы, Жолымбет к-сі, Аққайың к-сі, Сандықтас тұйық к-сі, Қайрақты тұйық к-сі, Арқарлы, Беласар, Қырыққыз көшелері, Маралсай тұйық к-сі, Желдірме тұйық к-сі, Қоғалы тұйық к-сі, Қамажай тұйық к-сі, Аққорған, Аққайың («Көктал-1» ТА), Тайсойған көшелерінде жөндеу жұмыстары жалғасуда.

Тағы 35 көше: Қапал, Арғанаты, Келес, Кемел, Майдақоңыр, Әлқисса, Алпамыс көшелері, Өндіріс көшесі Ақбидай көшесінен Үшқоңыр көшесіне дейін, Ақшағыл, Мусоргский көшелері, Гүлзар тұйық к-сі, Киелісай, Бестау, Кеншілер, Найзатас, Арнасай, Жаңа әуежай көшелері, Атакент тұйық к-сі, №52 өткел, Қызылсу, Бесағаш, Қашаған көшелері, Рауан тұйық к-сі, Рауан 1 тұйық к-сі, Рауан 2 тұйық к-сі, Шыршық тұйық к-сі, Қараой тұйық к-сі, Сүмбе тұйық к-сі, Басықара батыр, Сонар, Сырғалы, А.Үлімжіұлы, Кербезқыз, Шарбақты көшелері, Балтакөл тұйығында жөндеу жұмыстары жалғасуда.

Биыл бөлінген қаржы аясында жалпы ұзындығы 100 шақырым болатын 150 көшеде жөндеу жүргізілуде. Соның аясында 50 орталық көшеде (58,6 км) және тұрғын алаптардағы 100 көше (41,4 км) жөнделеді. Мысалы, Өндіріс тұрғын алабы – 16 көше, Кирпичный – 12 көше, Агроқалашық – 21 көше, Көктал-1 – 12 көше; Промышленный – 8 көше, Оңтүстік-шығыс (оң жақ) – 18 көше және т. б.

### АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

Кербұлақ ауданында кәсіпкер аудандық орталық ауруханаға 15 оттегі концентраторын сыйға тартты. Демеуші өзінің есімін жасырын қалдыруды сұрады. Оның айтуынша, таяуда тағы да 5 аппарат жеткізілмек. Бүгінгі таңда Кербұлақ ауданында коронавирус инфекциясын жұқтырған 67 адам тіркелген. Ал аудандық ауруханада 55 науқас пневмониядан емделіп жатыр.

### СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Облыстағы қауіпті вируспен күресте алдыңғы шепте жүрген 1491 медицина қызметкері үстеме ақы алды. Медициналық қызметкерлердің басым бөлігі үшінші қауіп-қатер тобы бойынша алды. Яғни 1049 адамға – 300,3 млн теңге, екінші қауіп-қатер тобы бойынша 258 медициналық қызметкерге 145,7 млн теңге төленді.

### ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

Жүргізушілер жыл соңына дейін жаңартылған «Қарағанды-Балқаш» тасжолымен жүре алады. Қазіргі таңда тасжолдың барлық учаскелерінде құрылыс-монтаждау жұмыстары белсенді түрде жүргізіліп жатыр. Нақтырақ айтқанда, жер қазу жұмыстарының 73 пайызы орындалған.

*Беттегі суреттер ғаламтордан алынды*

## ЖАҺАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ



### АҚШ ПЕН ҚЫТАЙ ҚАТЫНАСЫ УШЫҒЫП ТҰР

**АҚШ билігі Хьюстондағы Қытай консулын жапқанына жауап ретінде Бейжің АҚШ-тың Чэндудағы консулдығын жабатынын мәлімдеп, Америка консулдығына 27 шілдеге дейін ғимаратты босатуға уақыт берді.**

Вашингтон мен Пекиннің қарым-қатынасы 21 шілде күні АҚШ билігі Хьюстондағы консулдықты жабу туралы талап қойғаннан кейін одан әрі шиеленісті. Америкалық тарап Қытайдың дипломатиялық өкілдігі тыңшылықпен айналысты және интеллектуалдық меншікті ұрлады деп мәлімдеді.



### ПАНДЕМИЯ ТАҒЫ 2 ЖЫЛ ЖАЛҒАСА МА?

**Билл Гейтс қорының қолдауымен Оңтүстік Кореяда вирустарды бас кезінде анықтап, жоя алатын жүйені дамыту қолға алынды. Оған онлайн режимде Корея, АҚШ, Ұлыбритания және Германия ғалымдары қатысты.**

Корея университетінің профессоры Ким Ву Джу жұқпалы ауруларды ертерек анықтайтын жүйе дайындалып жатқанын айтты. Ғалым пандемия тағы 2 жыл жалғасады деп болжайды. Себебі адамдар коронавирустың алдын алудың негізгі ережелерін сақтамайтынын айтады.



### МҰХИТТАРДЫ ПЛАСТИК ҚАЛДЫҚ БАСТЫ

**COVID-19 пандемиясынан 2040 жылға таяу мұхиттардағы пластик қалдықтар үш есе артады. Жаңа зерттеулер осыны көрсетіп отыр. Себебі індеттен дүние жүзінде пластик өнімдерді пайдалану көрсеткіші күрт өскен. Салдарынан жағажайларда бетперде және медициналық қолғаппен бірге тамақ салатын түрлі пластик қорапшалар көбейді.**

Мамандар әлем елдері қазір шұғыл шара қабылдамаса, мұхиттарға жыл сайын 11 миллион емес, 30 миллион тонна пластик жиналатынын айтып дабыл қағуда.

Қалиакбар
**УСЕМХАНҰЛЫ**

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

# КҮН САЙЫН 100 АДАМ ОҢАЛТУ ҚЫЗМЕТІН АҚЫСЫЗ АЛУДА

**«Адал Ниет Астана» қайырымдылық қорында күнделікті 140 адам оңалту қызметін алады. Бұл – бес мезгіл тамақ, физиотерапия, массаж, дәрі-дәрмек, тұзды шахта, оттегі коктейльдер, йога, дренаж жұмыстары және тағы басқалармен қамтамасыз ететін, тәулік бойы жұмыс істейтін стационар.**



– Күніне 140 науқасқа қызмет көрсетеміз. Оның ішінде жүз адамға ақысыз қызмет көрсетіледі, 40 адам – оңалту мен ем алуға келген қала, республика тұрғындары. Пандемия кезінде бір-бірімізді қолдауымыз керек. Науқастар үлкен ризашылықпен кетеді. Қайта ем алуға жиі келеді. Біз олармен ынтымақтастықты жалғастырудамыз, – деді қайырымдылық қорының жетекшісі Бибісара Бейсенбаева.

«Адал Ниет Астана» жеке қайырымдылық қорының ерекшелігі – мұнда науқастар мен карттар әлеуметтік және медициналық көмек алады әрі өз мүмкіндіктерін іске асырып, ақша табады. Қор қызметінің негізгі бағыты – денсаулық сақтау. Барлық емдік шаралар санитарлық талаптарға сай жүргізіледі.

– Келушілерді арақашықтық, маска тағу тәртібі мен жеке гигиенаны сақтауға, өз денсаулығына мән беруге шақырамын. Үйдегі карантин жағдайында да дене, тыныс алу жаттығуларын жасауға болады. Сол арқылы иммунды жүйені нығайтып, жағымды эмоциялар аласыз, өзіңізге және жақындарыңызға қамқорлық жасайсыз, – дейді реабилитолог-дәрігер Алтынай Сәтмағанбетова.

# ІНДЕТПЕН КҮРЕС КҮШЕЙТІЛДІ

**Елордада шілде айында ПТР тест тапсыратындар 30 пайызға, төсек-орын қажеттілігі 45 пайызға төмендеді. КВИ бойынша жедел жәрдем шақыру саны 5 есе азайды. Бұл туралы Нұр-Сұлтан қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы басшысының міндетін атқарушы Әлия Рүстемова мәлімдеді.**

Нұр-Сұлтан қаласында COVID-19-ды анықтау үшін ПТР-тестілеуді 9 зертхана жүргізеді. Оның ішінде жетеуі – мемлекеттік, екеуі – жеке зертхана. Олардың жалпы қуаттылығы – 5,5 мың. Пандемия кезінде 284 мың ПТР тест алынды. Соңғы үш апта ішінде зертханаларда тәулігіне орташа 2500 тест өткізілді. Бұл маусым айына қарағанда 30 пайызға төмен (саны – 3500).

Сондай-ақ 5 шілдеден бастап инфекциялық және провизорлық стационарларда емделіп жатқандар саны 48 пайызға (3357-ден 1758 адамға дейін) азайған. Сәйкесінше төсек-орын қажеттілігі 90 пайыздан 45 пайызға дейін төмендеп, бос төсек-орын саны 369-дан 2000-ға дейін артқан.

– Пневмониямен стационарлық емделуде жүрген науқастардың саны 44 пайызға (1333-тен 746-ға дейін) азайды. Жедел жәрдем станцасына жүгінетіндер 53 пайыз (тәулігіне 3410-нан 1608-ге дейін), шақырулар 56 пайыз (тәулігіне 2368-ден 1039-ға дейін), КВИ бойынша шақырулар саны тәулігіне бес есе – 350-ден 73-ке дейін азайды. Бірақ індет ешқайда кеткен жоқ. Сондықтан карантин шараларын қатаң сақтау қажет: маска тағып, әлеуметтік қашықтық сақтаған жөн, – деді Әлия Рүстемова.

# САНИТАРЛЫҚ ТАЛАПТАР САҚТАЛМАЙ ЖАТЫР

**Елордада карантин талаптарын сақтамағандарға 12,4 млн теңге айыппұл салынды. Бұл туралы Нұр-Сұлтан қаласының Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті хабарлады.**

«Қалалық департаменттің аумақтық басқармалары 5 шілдеден бастап жеке тұлғалар мен кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты қатаң шектеулі карантин шараларын сақтамағаны үшін жалпы сомасы 12472220 теңге әкімшілік құқық бұзушылық туралы 50 хаттама жасады. Жеке тұлғалар мен кәсіпкерлік субъектілері еліміздегі және Нұр-Сұлтан қаласындағы індетке байланысты эпидемиологиялық жағдайға қарамастан, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнаманың талаптарын сақтамайды. Атап айтқанда, нысандардың жұмыс тәртібі сақталмайды, адамдар беттүмша тақпайды, әлеуметтік қашықтық сақталмайды, қызметі уақытша тоқтатылған нысандар жұмысын тоқтатпаған» деп хабарлады Нұр-Сұлтан қаласының Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті.





# ДЕРТТЕН ҚАЙТСЕК ҚҰТЫЛАМЫЗ?

**«Дерттен қайтсек құтыламыз?» деген сауалды қоғамдық пікір көшбасшыларына қойған едік. Жауаптары төмендегідей.**



**Алтас БЕЙСЕНБАЕВ,**
зейнеткер:

*– Жалпы, Үкіметтің қолданып жатқан шаралары өте дұрыс деп есептеймін. Карантиннің қайта орнағаны орынды. Әйтпесе көріп жүрміз, қарапайым маска тақпай, еркін жүргендер көп. Күнде жан-жақтан ақпараттар айтылып жатыр. «Тәртіпке бағынған құл болмайды» деген бар. Өз басыңа, отбасыңа, Отаныңа деген қауіпті сезіну керек. Немерем Испанияда оқиды. Қазір оларда да карантин режимі орнады. Аталмыш елде бәрі қатал. Дегенмен елде отырып оларға барынша үйден шықпауын, санитарлық талаптарды сақтауын күнде айтып отырамыз. Ата-ана балаға түсіндіруі қажет. Халық арасында вирус балаға жұқпайды деген жаңсақ пікір қалыптасқан. Далада маскасыз ойнап жүрген баланы көрсем айтып түсіндіріп жүремін. Бірақ оны тыңдайтын құлақ бар ма?! Ата-ананың жауапкершілігі аз болса, балаға не деп өкпелейсің? Біздің халқымызға үлкен міндет жүктеліп отыр. Барлығы айтылды, тек соны орындау қажет.*



**Әлібек ШЫНТЕМІР,**
журналист:

*– Менің ойымша, халықтың санитарлық талаптарды әлі де сақтамауы – ақпараттың дұрыс жеткізілмеуінен. Ақпарат арналары індет жайлы сайттар мен әлеуметтік парақшалар арқылы ғана жұмыс істеумен шектеліп отыр. Бұл жеткіліксіз, халыққа жол сілтеу керек. Біздің халық қазір абдырап қалды, өйткені жұртты адастыратын ауадан алынған ақпараттар өте көп, Үкімет осылармен күресу керек. Атап айтсақ, бір ғана Instagram-да миллиондаған оқырманы бар қаншама сауатсыз блогерлер, желі қолданушылары жүр. Қисынсыз жеңіл дүниені, ойсыз ойындар мен адастыру ақпаратын елді дүрліктіру үшін салып отырады. Сөзіме дәлел болсын, жуырда өзге бір елдің тікұшақпен әуеден су сепкен бейнеролигін біздің елге таратып, «мемлекет вирус шашып жүр халыққа» деп дүрліктірді. Сұмдық қой! Онсыз да билік пен халықтың арасын алшақтататын дүние толып жатқан тұста мұндай ақпарат отқа май құяды. Сондықтан Үкімет осындай жалған ақпар арнасын тоқтату қажет. Одан соң халықты тек ресми ақпараттарға үйрету керек. Маскасыз жүріп той тойлайтындарды тоғыту қиын болып тұр. Бұл тұста Өзбекстанның заңды күшін үлгі ету керек. Біз әлі де тойды тоқтата алмай келеміз, қаладан шектесе, далаға барып жасайтын ел әлі де бар. Анық ақпарат алып, індеттің қаншалықты қауіпті екенін ескерсе бұлай етпес еді.*

Бетті дайындаған
Наима **НҰРАЛЫҚЫЗЫ**

# ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫН АЛЫП КЕЛЕДІ

**Биыл «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша республика аумағында 15 млн шаршы метр тұрғын үй салу жоспарланған. Нұр-Сұлтан қаласында соның 500 мың шаршы метрден астамын салу жоспарланған. Бұл – шамамен 8 мың пәтер. Сондай-ақ елордада 2021 жылы тағы 8,5 мың пәтер пайдалануға берілмек.**

Дәулет **АСАУОВ**



Жалпы, Қазақстанның кез келген өңірінде тұрғын үй салу жұмыстары ерекше екпінмен жүргізіліп жатыр. Құрылыс қарқыны тіпті ел аумағында коронавирустың жедел таралуына байланысты төтенше жағдай жарияланып, кәсіпкерлік нысандардың көпшілігі жұмысын тоқтатуға мәжбүр болған кездің өзінде бір сәтке саябырсыған жоқ.

Соның арқасында халықтың әлеуметтік осал топтары, аз қамтылғандар мен жастар, бюджеттік ұйым қызметкерлері санатындағы 32 мыңнан аса отбасы жалға берілетін және кредиттік пәтерлермен қамтамасыз етілетін болады.

– Қазіргі жағдайда Үкіметтің ең маңызды міндеті – құрылыс қарқынын ұлғайту, халықты тұрғын үймен қамту, жұмыс орындарын сақтау және жаңа жұмыс орындарын құру. Бүгінде құрылыс саласында шамамен 700 мың адам жұмыс істейді, – деген еді ҚР Премьер-министрі А.Мамин құрылыс саласына қатысты Үкімет мүшелерімен өткен кезекті бір мәжілісте.

Статистика комитетінің дерегіне сүйенсек, өткен алты айда соның 6,100 миллион $м^2$ баспана өз иелерін тапқан. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 7 пайыздан артық.

Тұрғын үй салу бойынша 15 өңірде өсім байқалады. Соның ішінде жаңа үйлерді пайдалануға беру көрсеткіші ең үздік деген Нұр-Сұлтан қаласында – 34 пайыз, Алматы облысында – 31 пайыз, Шымкент қаласында 22 пайыз өскен. Алайда пайдалануға берілген баспана санымен қоса алты айда пәтер бағасы да 6 пайызға қымбаттаған. Қымбатшылық барлық өңірде байқалады.

Салыстырмалы түрде аумағы 50 ш.м болатын екі бөлмелі пәтерлерді алып қарастырсақ, республика бойынша екі бөлмелі пәтерлердің ең арзаны – Ақтөбеде. Мұнда ауданы 50 шаршы метрлік екі бөлмелі пәтердің құны 8 миллион теңгенің шамасында. Қостанайда дәл сондай баспана 8,5 миллион теңге тұрады. Көкшетау қаласында олардың бағасы – 12 миллион теңге. Шымкентте – 12,5 млн, Өскеменде – 13 млн теңге. Ал Нұр-Сұлтан қаласында екі бөлмелі пәтердің құны 16 миллион теңгеден төмен емес.

Дегенмен елорда билігі жаңадан салынатын баспананың құнын арзандату бағытында хал-қадірінше әрекеттеніп жатыр. Астанада бюджет қаражаты арқылы және мемлекеттік пен үкіметтік бағдарламалар бойынша нысандар салу барысында отандық құрылыс материалдарын пайдалану және оның көлемін арттыру жөнінде бірқатар шаралар қабылданды. Құрылыс саласында мемлекеттік сатып алуларда қазақстандық мазмұнның үлесін көбейтуге басты мән беріледі. Ол туралы Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов былай дейді:

– Мемлекет қолдауының арқасында құрылыс материалдарының құны біршама арзандатылады. Ол салынып жатқан баспананың өзіндік құнын азайтуға және құрылыс мерзімін қысқартуға көмектеседі. Сондай-ақ үйлердің өзіндік құнының арзандатылуымен бірге біз олардың сапасына нұқсан келтірілмеуін қатаң қадағалаймыз.

# КӨШЕ ЖАНЫ КӨЗ ТАРТАДЫ

**Биыл Сарыарқа ауданында 14 қоғамдық кеңістік абаттандырылады. Тиісті жұмыстар маусым айының басында басталып, жылдың соңына дейін жалғасады.**

Аманғали **ҚАЛЖАНОВ**

Осыған дейін аудан тұрғындары демалатын жаңа орындар Жеңіс даңғылы, 26А, С.Сейфуллин көшесі, 14/1 және 16, К.Байсейітова көшесі, 126 мекенжайларында ашылды. Ақын атындағы көшеде апатты деп танылған ескі екі үй сүріліп, оның орнына асфальт төселіп, балалар ойын алаңдары, орындықтар орнатылып, маңай жарықтандырылды. Басқа да мекенжайларда осындай жұмыстар жүргізілді. Әсіресе, атақты опера әншісінің аты берілген көшеде ауқымдырақ болды. Мұнда «Workout» спорт кешенімен қатар шағын сәулет формалары, қауіпсіздік мақсатында қосымша жол белгілері орнатылып, жол жолағы сызылды. Көліктердің жылдамдығын тежейтін кедергілер салынды.





– Біз бұл жобалар бойынша тұрғындармен алдын ала ақылдастық. Қоғамдық пікірді тыңдап, бірлесіп талқыладық. Орнатылған құрал-жабдықтардың 90 пайызы жергілікті мазмұнға ие. «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында жұмыссыз жүрген немесе пандемияға байланысты жұмыстарынан қысқартып қалған адамдарды тарттық, – дейді Сарыарқа ауданы әкімдігінің абаттандыру және қоғамдық кеңістікті дамыту бөлімінің басшысы Азамат Мәшенов.

Әкімдік аудан тұрғындарының өмір сапасын жақсарту мақсатында «Астана бас жоспар» мекемесімен бірге тағы бірнеше аймақты абаттандыру жоспарын әзірледі.Соның ішінде Ә.Жангелдин көшесі, 20, 20/1, 20/5, Ш.Қосшығұлұлы көшесі, №11/1, 11/2, 11/3, 11/4, 17, Ырыскелді қажы мешіті маңындағы Ш.Бейсекова көшесінде, С-303 көшесі, 21/1, 23/2, 23/3, 27, 27/1 мекенжайларындағы үйлердің аумағы абаттандырылады. Тиісті жобалар мақұлдау үшін Нұр-Сұлтан қаласы Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасына жіберілді. Егер тұрғындарда аталған мекенжайларды абаттандыруға қатысты ұсыныстар болса, олар Сарыарқа ауданы әкімдігінің жергілікті өзін-өзі басқару мәселесін үйлестіру бөлімінің басшысы Ержан Жұмағұловқа 8-701-527-98-88 телефон нөмірі арқылы хабарласа алады.



**Келешекте болуы мүмкін індетке дайындықтың маңыздылығы туралы ДДСҰ-ның көп жылдық ескертулеріне мән бермеген посткеңестік елдердің пандемия жарияланғалы бері қиындықтарға тап болғанын көріп отырмыз. Арнайы мәліметтерге қарағанда, денсаулық сақтау саласындағы төтенше жағдайларға елдердің дайындығы мәселесі жаһандық институттар деңгейінде кем дегенде 10 жыл бойы талқыланған екен. 2019 жылдың қыркүйегінде Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы осы тақырып бойынша тағы бір баяндама жариялап, онда елдердің басым көпшілігі дайындық шараларына кететін шығындарды елеусіз қалдыратындығын мәлімдеген.**



Жадыра ШАМҰРАТОВА

# КӨРШІЛЕРІМІЗ ІНДЕТПЕН ҚАЛАЙ КҮРЕСІП ЖАТЫР?

### ОРТА АЗИЯ ЕЛДЕРІНДЕ ЖАҒДАЙ ҚАЛАЙ?

ДДСҰ мен Дүниежүзілік банктің есебінше, мемлекеттер аурудың таралу мүмкіндігін азайту үшін жыл сайын бір адам үшін айтарлықтай қаржы жұмсауы керек. Жыл сайын 1,9-3,4 миллиард долларды ветеринария мен денсаулық сақтау саласын күшейтуге жұмсайтын ұйымдардың есептеуінше, бір адамға жыл сайын медициналық көмекке 740 доллар ғана жұмсайтын (орташа есеппен) Орта Азия елдерінде бүгінгі жағдай айтарлықтай нашар. Тіпті медицинаны қаржыландыратын ел деп саналатын Қазақстан да денсаулық сақтау саласы стандарттарынан едәуір артта қалып отыр.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мамандарының сараптауынша, Орта Азия елдері осы кезге дейін медициналық қызметтерге қатты қысым көрсетіп келген, нәтижесінде, пандемия кезінде медицинаны қолдау үшін төтенше ресурстарды қолдануға тура келген. Айталық, Өзбекстан, Қырғызстан, Қазақстан медициналық персоналдың, жеке қорғаныс құралдарының, реанимация және реанимациялық қондырғыларға арналған құрал-жабдықтардың жетіспеушілігін бастан кешіріп отыр. Денсаулық сақтау ұйымы сарапшылары бұл елдердің үкіметтері пандемияның ауқымы мен ұзақтығын дұрыс бағаламаған деп есептейді. Вируспен күрестің алғашқы айларында бұл елдер аз мөлшерде қаражат бөлді, бұл ДДҰ ұсынған мөлшерден 2-4 есе аз. Сондай-ақ негізінен экономикалық дағдарысқа қарсы шараларды жалпы бағдарламадан ажыратып жатпайды, медициналық кадрлардың жетіспеушілігін қалыпты жағдай деп санайтыны тағы бар.

### КӨРШІ ЕЛДЕРДЕ...

Орта Азия елдері, біздің көршілес - Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Тәжікстан және Әзербайжан мен Арменияның індетпен күресу тәжірибесіне тоқталайық. Жалпы шолу жасаған кезде бұл елдер бұрынғы посткеңестік елдер болғандықтан, індетпен күресте ұстанған бағытында үлкен айырмашылық жоғы байқалды. Олардың кемшіліктері де ортақ деуге болады.

ТҮРКІМЕНСТАН

Түрікменстан билігі осы уақытқа дейін елде «коронавирус» сөзін айтуға тыйым салып келді. Осы уақытқа дейін мұндағы барлық телеарна, басылымдар коронавирус туралы ештеңе айтпады, мектеп пен емханаларда таратылып жатқан брошюраларда да коронавирус деген сөз болған жоқ. 6 млн халқы бар елдің ресми статистикалық мәліметі республика азаматтарының бірде-бірі COVID-19 вирусын жұқтырмаған деді. Бірақ, түрікменстандық БАҚ пен әлемдік БАҚ-тың індет туралы ақпараттары бірбірімен сәйкес келмейді. Әлемдік сарапшылардың айтуынша, елдегі өлім-жітім, індеттің таралу деңгейіне қарамастан, Түрікменстан азаматтарының аурудың алдын алуға еш құқылары болмаған, қауіпсіздік шараларын сақтағысы келгендер үкімет тарапынан қысым көріп, құдалауға ұшырайды. Тек соңғы кездері ғана билік халықты маска киюге шақырды, онда да ауа ластануынан қорғану үшін. «Соңғы күндері Түрікменстан аумағына оңтүстік-шығыстан, солтүстік-шығыстан және солтүстіктен келген ауа ағынына байланысты ауадағы шаңның жоғары мөлшері тіркелді. Мұндай күндері ауадағы шаңның көбеюіне байланысты табиғи-экзогенді ықпалды төмендету мақсатында жеке қорғаныс құралдарын - медициналық маскаларды тағуға кеңес береміз» деген хабарлама таратты.

ТӘЖІКСТАН

9,1 млн халқы бар Тәжікстан да ұзақ уақыт коронавирус тіркелгенін әлемнен жасырып келді. Бұл ел әлі күнге нақты мәліметтерді бүркемелейтіндей әсер қалдырады. Денсаулық сақтау министрі Джамолиддин Абдуллозода өз елінде гі қайтыс болған дәрігер туралы «Дәрігер Тәжікстанның қатардағы азаматы сияқты вирусты гигиенаны, санитарлық-эпидемиялық ережелерді сақтамағандықтан, көшеде, үйде және адам көп жерде жұқтырып алған болуы мүмкін» деп, Тәжікстанда коронавирусты ауруханада жұқтырып, салдарынан қайтыс болған дәрігер жоқ екенін мәлімдеді. Оның айтуынша, Тәжікстан денсаулық сақтау министрлігінің статистикасы ғана «дәл және негізделген», ал кей сайттарда және әлеуметтік желілерде қайтыс болғандардың туыстары жинап жатқан деректер «расталмаған». Ресми дерек бойынша, 26 маусым күні елде Covid-тен 52 науқас қайтыс болған. Ал Озоди радиосы зерттеу жүргізіп, маусымның соңына дейін 152 адамның коронавирус инфекциясынан қайтыс болғанын келтіреді.

ҚЫРҒЫЗСТАН

Қырғызстанда 30 шілде коронавирус инфекциясынан қайтыс болғандарды Ұлттық аза тұту күні болып жарияланады. Бұл туралы Қырғыз республикасының президенті Сооронбай Жээнбеков «Биринчи радиоға» берген сұхбатында мәлім етті. Эпидемия кезеңі басталғалы Қырғызстанда барлығы 1 277 адам қайтыс болды.

ӨЗБЕКСТАН

Өзбекстан аумағында көлік қозғалысы толық тоқтатылды. Тіпті таксидің жүруіне тыйым салынған, себебі күні кеше Өзбекстанда 600-ге жуық адам коронавирус жұқтырды. Бұл – эпидемия басталғалы тіркелген ең үлкен көрсеткіш. Науқастар саны артқандықтан, көрші ел шілденің 10-нан тамыздың 1-не дейін қайта карантин жариялады. 25 шілдеде сағат 10:00-дегі жағдай бойынша Өзбекстанда коронавирус инфекциясын жұқтырғандар саны 19 653 адамға жетті. Қазір елде 10 472 адам (54 пайыз) коронавирустан жазылды. 9 074 сырқат белгіленген стандарт бойынша емделіп жатыр, оның ішінде 138-інің жағдайы ауыр, ал 40-ының өте мүшкіл халде екені хабарланды.

АРМЕНИЯ

Армения премьер-министрі Никол Пашинян еліндегі эпидемиологиялық ахуал нашарлап бара жатқанын, ауруды жұқтырған 697 адам анықталғанын айтып, «бұл емханалардың барлық науқастыдер кезінде қабылдай алмайтын жағдайға жеткенін білдіреді» деп қынжылыс танытты.

### ӘЛСІЗ ЕЛДЕРДЕ КҮРЕС ТЕ ӘЛСІЗ

Ресейдің иносми. ру сайтында «Экономикасы әлсіз мемлекеттер үшін айқын басымдықтар» деген тақырыппен Ұлыбританияның бұрынғы премьер-министрі Дэвид Кэмеронның, Нобель сыйлығының лауреаты, Либерияның бұрынғы президенті Эллен Джонсон Сирлифтің, Африка одағының бейбітшілік қоры арнайы өкілі Дональд Каберуканың мақаласы жарияланды. Бұл мақалада авторлар пандемиядан бұрын Йемен, Судан, Гаити, Сьерра-Леоне, Мьянма, Ауғанстан, Венесуэла және басқа да елдердің кедейлік, қақтығыстар, сыбайлас жемқорлық және нашар басқарудың әсерінен COVID-19 дағдарысымен күресуге дайын еместігін айта келіп, тығырықтан шығу жолдарын іздестіреді. «Бұл мемлекеттерде пандемияға қарсы тұру үшін нақты кешенді іс-қимыл жоспарын әзірлеп, жүзеге асыратын институционалды үкімет болмады, ережелерді, ақша мен материалдарды жеткізуге арналған әлеуметтік бағдарламалар жасалмаған, денсаулық сақтау қызметтерін жүзеге асыратын мүмкіндігі аз, жұқтырған адамдарға медициналық көмек көрсету кемшін болды. Еуропада бір миллион адамға 4000 реанимациялық төсек болса, Африканың көптеген бөліктерінде әр миллионға бес адамнан ғана келеді. Малиде ИВЛ құрылғысы тапшы. Осы себепті Судан, Оңтүстік Судан, Сомали және Йеменде соңғы апталарда дамыған елдерге қарағанда аурушаңдық пен өлім-жітім деңгейі жоғары болды» деп жазды авторлар.

Осы өлшеммен қарасаң біздің елдің жағдайы да осы деңгейден алысқа ұзай қойған жоқ, дәріханалардан қарапайым парацетамолдар ғайып болып, маска мен дәрінің бағасы бірнеше есе қымбаттап кетті, қиналған халық тыныс алдыратын жабдықтарды өз ақшасына сатып алуға мәжбүр болды. Халыққа қажетті дәрі-дәрмек қоймалардан табылды, тек 5 шілдеден бастап дәрі-дәрмектер мен медициналық бұйымдарға қатысты 537 бұзушылық анықталды. Ішкі істер министрінің орынбасары Алексей Калайчидидің мәлімдеуінше, жарты миллионға жуық бетперде, 36 мың қолғаптар, термометрлер, тамызғыштар және 700 литрден астам антисептик жасырын түрде сатылмақ болған.

### ҚАТЕЛІКТЕРДІ АНЫҚТАЙТЫН КОМИССИЯ ҚҰРЫЛА МА?

Біздің елде пандемиямен күресте жіберілген кемшіліктерге қатысты ел президенті Қ.Тоқаев «Жіберілген қателіктер мен олқылықтарды анықтайтын арнайы комиссия құру қажет. Бұл комиссия қазіргі ортақ жұмысқа кедергі жасамай, тексеріс жүргізіп, маған ұсыныс беруі керек» деді. ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты Халықаралық зерттеулер бөлімінің басшысы Әсел Назарбетова Covid-19 індетімен күресу шаралары барысында жіберілген кемшіліктерден тиісті қорытындылар шығарылатынын, мемлекет тарапынан жасалған індетпен күрес шаралары халықтың асқан жауапкершілігімен ұштасуы қажет екенін айтты. «Жағдайдың ушығуына себеп болған тек тиісті мемлекеттік органдар тарапынан жіберілген қателіктер ғана емес, халық тарапынан бұл мәселеге немқұрайлы қарап, билікке деген сенімсіздік білдіруінің салдары. Оған қоса ұлттық менталитетке тән ұжымдық психология, туған-туысының қуанышы мен қайғысына міндетті түрде ортақтасу дәл осы жағдайда еліміз кері әсерін беріп отыр» деді ол.

Ал «Стратегия» әлеуметтік және саяси зерттеулер орталығының басшысы Гүлмира Елеова ia-centr.ru сайтына берген сұхбатында билік тарапынан жіберілген қателіктерге тоқталады. «Менің ойымша, егер карантин енгізілген алғашқы сәтте билік талдау жұмыстарын, ықтимал қауіп-қатерлерді және әлеуетті сценарийлерді бағалауды жүргізген болса, қазір халық арасындағы үрей және дәріханаларда дәрілік заттардың жетіспеуі секілді қиындықтар болмас еді» дей келіп, «Ауру жағдайында қалай әрекет ету алгоритмі әлі күнге дейін жетілдіру-бекіту сатысында. Сонымен бірге көлемі үлкен айыппұлдар (80 мыңнан жоғары) туралы көбісі білмей ме деп қорқамын. Бұл жағдайда полиция қызметкерлері сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттеріне баруы мүмкін деген қауіп бар» деген ойын білдірді.

# АЛҒЫ ШЕПТЕГІ БАС ДӘРІГЕР БОЛАТЫН

**Апта басы медицина саласында қаралы хабармен ашылды. Елордадағы №2 көпсалалы қалалық аурухананың бас дәрігері Иван Иванович Ли тәжтажалдан адамдарды арашалаймын деп жүріп, соның құрығынан өзі құтыла алмады.**




Райхан **РАХМЕТОВА**

Бірнеше апта бұрын коронавирус инфекциясы анықталған дәрігер қауіпті дертпен күресе алмай, алпысқа қараған шағында дүниеден озды. Жаһандық дертке шалдыққан қаншама адамның өмірін сақтап, емін жасаған дәрігердің өзі осы аурумен бір ай арпалысқан.

Иван Ли 1960 жылы Қарағандыда дүниеге келіп, сол жақтағы мемлекеттік медицина институтын хирургия мамандығы бойынша тәмамдаған. Тәжірибеден де сол жерде өткен. Оқи жүріп, ауруханада санитар болып еңбек етсе, 3-курстан бастап хирургиялық бөлімшеде мейіргер қызметін атқарған. Ал оқуын аяқтаған соң үш жыл Қарағанды облысындағы Жастар аудандық орталық ауруханасында хирург, кейін облыс орталығындағы жедел ауруханада уролог болып жұмыс істейді. 1996 жылы Алматыдағы орталық қалалық клиникалық ауруханада бас дәрігердің орынбасары және қазіргі заманғы медициналық технологиялардың медициналық диагностикалық орталығының бас дәрігері болды. 2006 жылы Алматыдағы №7 қалалық клиникалық ауруханы басқарып, содан кейін елордаға көшіп келді. 2015 жылы Астана қаласы Денсаулық сақтау басқармасы бастығының орынбасары болып еңбек етіп, артынан көп ұзамай №2 қалалық көпсалалы ауруханының директоры қызметін атқарды. Ол өзінің қызметтік жолының ең маңызды тұсы деп Алматыдағы дәрігерлерді жетілдіру институтының урология факультетіне оқуға түскен сәтін атайды екен. Себебі осында білім алғаннан кейін уролог-дәрігер болып жұмыс істей бастаған еді. Оны әріптестері өз ісінің нағыз маманы, көптеген адамдардың өмірін құтқарып қалған, дәрігерлік антына адал жан болды деп еске алады.

– Осы күндері, өкінішке қарай, суыт, ауыр хабарлар азаймай жатыр. Коронавирус инфекциясы салдарынан әріптестерімізден айырылып жатырмыз. Медицина саласындағы қызметкерлердің тиісті деңгейде қорғалуы, оларға деген шынайы қамқорлықтың болуы елімізді түрлі қауіптен, індеттен сақтаудың басты негізі екенін ұмытпайық. Ли Иван Ивановичпен танысқаныма 5 жылдан астам уақыт болды. Сол кезде Иван Иванович Денсаулық сақтау басқармасының орынбасары болатын. Өзінің білімімен, елге деген құрметімен, адал істерімен, ашық көзқарасымен, әділетті шешімдерімен астанадағы медицина ұйымдары басшыларының арасында аз уақытта зор беделге ие болды. Кәсіподақ басшысы ретінде саладағы қызметкерлердің мүддесін қорғау үшін алғашқы өңірлік келісімді Иван Ивановичпен бірлесіп жасаған едік. Осы құжатты дайындау барысында мен де бұл кісінің медицина саласына шын жүрегімен берілгенін көрдім, елдің қамын ойлайтын, жанашыр екеніне куә болдым. Ойын әрқашан ашық айтатын, қабылданған шешімдердің маңыздылығы мен олардың әкелетін нәтижелерін даналықпен болжай білетін. Нағыз білімді ұйымдастырушы болды. Кейін клиникада бас дәрігер болған соң да осы қабілеттерін елорда медицинасының дамуына қолданды. Оны әріптестері де, қала басшылығы да бағалады. Ой-мінезі кең болғандықтан, өзекті мәселелерді көрегендікпен шеше білді, – дейді әріптестерінің бірі, Қазақстандық денсаулық сақтау қызметкерлері кәсіподағының төрағасы Бақытжан Тәжібай.

Оның айтуынша, Иван Ли әріптестерімен қашанда тығыз байланыста болған. №2 қалалық аурухана қаладағы ең үлкен ұйымдардың бірі болғандықтан, осындағы қызметкерлердің жағдайын жасауға кәсіподақтың араласуын ол кісі құп көрген. Бірнеше жылдар бойы медбикелер арасында байқау ұйымдастырып, жеңімпаздарды жақын және алыс шетелдерге демалысқа жіберіп тұрған. Мотивациялық іс-шараларды шынайы ниетімен жасап, қызметкерлердің мұқтаждарын жақсы түсінетін, әрқайсысына қамқоршы, көмекші болуға тырысатын. «Осындай жарқын мінезін ұжым жақсы көретін. Ұжымдық келісімді, жалақының өсуін сауатты түрде ұйымдастырды. Жетістіктері көп еді, болашақта тағы ел үшін, елорда медицинасы үшін жасайтын істері аз емес болар еді» деп еске алады Б.Арынұлы.

Ол медицина ғылымдарының кандидаты, жоғары санатты уролог және денсаулық сақтау саласындағы жоғары дәрежелі ұйымдастырушы болды. Оның басшылығымен Қазақстанда алғаш рет 2018 жылы қыркүйек-қараша айларында екі ірі стационар: №2 қалалық аурухана мен №1 перинаталды орталықты біріктіру жұмыстары сәтті жүзеге асырылды. Соңғы қызметіне 2016 жылдың сәуір айында кіріскен екен. Осы аралықта ол елорда әкімдігі мен «Нұр Отан» партиясы, ҚР Денсаулық сақтау министрлігі атынан бірнеше рет алғыс хаттар мен құрмет грамоталарына ие болды. 2018 жылы елордадағы медициналық ұйымдар ішінде денсаулық сақтау саласының ең тиімді менеджері ретінде «Алтын шипагер» алғашқы медициналық жүлдесінің иегері атанды. Сонымен қатар өзінің қызмет жолында «Құрмет» орденімен, «ҚР тәуелсіздігіне 20 жыл» медалімен, «Парасат» орденімен марапатталған.

– Иван Иванович туралы өткен шақта айтудың өзі қиын. Мен оны 15 жылдан бері танимын. Оның кәсіби қасиеттері туралы әріптестері айта жатар. Ал мен оның адамгершілік қасиеттеріне тоқталсам. Бір оқиға еске түсіп тұр. Ол кісі бас дәрігер, мен қарапайым дәрігермін. Анам қатты сырқаттанып қалған еді. Сол кезде өзім дәрігер бола тұра не істерімді білмей қалдым. Қалай, кімге жолығам деп абдырадым. Содан не болса да Иван Ивановичтен көмек сұрайын деп шештім. Алдына барып жағдайымды айтқан соң, бірден сөзге келмей, өзінің орынбасарларын шақырып, тапсырмаларын берді. «Осындай кезде бір-бірімізге көмектеспесек, қашан жәрдем береміз?» деді. Анамды ауруханаға жатқызды. Квота деген болады, оның кезегі бар күтетін. Айналадағы дәрігерлер соны тездет деді. Сонда Иван Ли дәрігердің айтқан сөзі мәңгі жүрегімде қалды. Ол айтты: «Айналайындар, бұл кісі көмекті өзі үшін сұрап отырған жоқ. Анасы үшін сұрап отыр. Ана деген – бұл өмірдің шырағы, ананы қадірлеу – бәріміздің борышымыз» деді де, анамды өз бақылауына алды. Анам да оған сондай риза болды. Ол анама өзі келіп, жағдайын сұрап, жақсы сөздерін айтып кетіпті. Қаншама адам жүрміз, бірақ өзінің қаншалықты уақытының тығыздығына қарамастан, осылай көңіл білдіргені менің жүрегіме ыстық тиді, – дейді тағы бір әріптесі, дәрігер, нәрестелер хирургі Асылжан Ерекешов.

Оның айтуынша, Иван Ли сонымен қатар жаңадан келген инновацияларды тез меңгертіп, өзінің клиникасына жылдам енгізіретін. Заманауи медициналық технологиялардың ішінен ең жақсысын таңдап алғызатын. Ол басшылық еткен кезеңде бұрын елде болмаған бөлімшелер ашылды. Бас дәрігердің басты мақсаты науқастарға ең тиімді көмек көрсетудің жолдарын іздеу еді. Міне, осындай ұйымдастырушылық қабілетінің мықтылығымен де денсаулық сақтау саласының алға басуына зор үлесін қосқан абзал жанның алда әлі де талай жоспарлары бар еді. Ол армандары енді өзімен бірге кетті. Осындай жан-жақтылығымен өз ісіне берілген жандар бүгінде өте сирек кездесетіні жасырын емес. Марқұмның жатқан жері жайлы, жаны жәннаттан болсын. Барша туған-туыстарына қайғыра көңіл айтамыз.



## Иван Иванович ЛИ

Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі елордалық №2 көпсалалы ауруханасының директоры Иван Иванович Лидің мезгілсіз қайтыс болуына байланысты оның туған-туыстары мен жақындарына қайғыларына ортақтаса отырып, көңіл айтады.

Иван Иванович талантты басшы, тамаша ұйымдастырушы әрі науқастары мен әріптестеріне бауырмал, жанашыр болды. Ол COVID-19-пен күресте алғашқы күннен бастап алдыңғы шепте тұрды.

Ол медициналық қауымдастық ортасында айрықша абырой-беделге ие болды. Қызметкерлері де жоғары кәсібилігі мен қайырымдылығы үшін, айналасы үнемі тек сөзбен ғана емес, ісімен де қол ұшын созғаны үшін оны жоғары бағалады. Өмірінің соңғы күніне дейін ол өзінің мамандығына адал болды.

Иван Иванович өзінің медицинадағы еңбек жолын 1978 жылы ауруханада санитар болып бастады. Бұл кезде ол Қарағанды мемлекеттік медициналық институтына оқуға түскен болатын. Содан кейін 3 курста оқып жүргенінде хирургиялық бөлімде мейіргер болды. Оқуды тәмамдаған соң Қарағанды облысы Молодежный кентінің аудандық орталық ауруханасында хирург дәрігер болып қызмет атқарды.

Иван Иванович өзінің өміріндегі маңызды кезеңдерінің бірі деп профессор Свидлер А.Ю. басқаратын Алматы институты урология кафедрасының клиникасындағы білікті дәрігерлер ортасына түскен кезін есептейтін еді.

Өзінің кәсіби қызметі барысында Иван Иванович түрлі алғыс хаттармен және құрмет грамоталарымен марапатталды. 2018 жылы елорданың медициналық ұйымдары арасындағы денсаулық сақтау саласындағы білікті менеджер ретінде «Алтын шипагер» медициналық сыйақысына ие болды. Сонымен қатар ол кәсіби қызмет барысындағы атқарған еңбегі үшін «Құрмет» (2013 ж.) орденімен, «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен, «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» медалімен, сондай-ақ ҚР Президентінің Жарлығымен 2020 жылдың 20 маусымында азаматтардың денсаулығын қорғау бойынша жанкештілікпен жұмыс істеп, зор еңбек сіңіргені үшін «Парасат» орденімен марапатталды.

Иван Ивановичтің басшылық етуімен 2018 жылдың қыркүйек-қараша айларында екі стационардың, яғни №2 қалалық аурухана мен №1 перинаталдық орталықтың бірігу процедурасы жүргізілді. Бұл бірігу жолы бірқатар оңды нәтиже берді.

Оның мойнына дәрігерлік және ұйымдастырушылық қызметінің үлкен жүгі артылып, адал еңбегінің арқасында жүздеген адамның өмірі құтқарылып, мыңдаған науқастың шынайы алғысына ие болды. Оның жарқын бейнесі жадымызда сақталады.



Қасым ТӘУКЕНОВ,
Мемлекет және қоғам қайраткері

# ТЕГІМІЗГЕ ЖАТ

## ЖАРҒА АПАРЫП СОҚТЫРЫП ЖҮРМЕСІН

**» Абай хакім туындыларын оқыған сайын аңғаратыным, өзіңді өткір тілмен, мазмұны терең афоризмге толы тұжырымды дүниелерімен тықыршытып, кең дүниеге сыйғызбай, неше түрлі ойларға жетелеп, мазалайды.**

Өміріміздегі, күндегі өтіп жатқан келеңсіз жағдайлар, хал-ахуалдарымыз, болашақ ел тағдыры кесе көлденеңдеп, ұйқы бермей сергелдеңге салады. Таяуда «Қазақ несімен қазақ?» атты мақаламда біраз жағымсыз қылықтарымыз жөнінде айтқаныммен, қынжыла отырып тағы бір көңіл аударар жайт, елімізде кейбіреулерге көше, мектеп, ауыл аттарын бергенде науқаншылыққа, жиркеніштi жершілдікке, руға, атаға бөліну деген кең етек алып, ұлттығымыздың тұтастығына көлеңке түсіріп бара жатқанымыз жүрегіңді жаралайды.

Ұрпағымыздың санасына сіңіріп, рухын көтеретін, ұлтшылдығын оятатын мәні зор, ұлтының болашағы үшін, біздер үшін жанын пида құрбан еткен ұлыларымызды әспеттеп, теңдесі жоқ қасиеттеріне бас игізіп аспандатудың орнына, үйкүшік, кәкір-шүкірлердің атын ұлылармен қатар ататып, жер-жерлерде, сол еліміздің адал перзенттерін шаңның астында бұқтырып тастап жатқандығымыз қынжылтады.

Әр ру өкілдері бұрын ешкім естімеген, білмейтін, кейбіреулері қағынан безген батырларын тауып, жікке бөлініп, олардың атын көше, мектептерге беріп, тапқан-таянғанын рәсуа етіп, тыраштана ескерткіш орнатуда. Ертеде айтпаушы ма еді: «Батырды әр долы қатынның екісінің бірі табады, би-шешенді ілуде шалуы табады» деп. Сол ру батырларын Абылайханмен, Бөгенбаймен, Қабанбаймен, Кенесары, тағы басқалармен, үш биіміз – Төле, Қазыбек, Әйтекелермен қатарластыруға бола ма?

Бөгенбай 26 жыл үш жүздің сарбаздарының қолбасшысы болғаны, оның кіндігінен Тұранәлі, Тұрымбет, Бапан, Саққұлақ атты би-шешендердің шығуы, оны тіпті батыр деп айтудың қалыбына сыймайды. Оның: «Жауыр болған жабыдай, саяқсып жүрген халқым-ай, руға, жүзге бөлініп, шашырап кеттің тарыдай. Қамшының қысқа сабындай, мерзімі қысқа ғұмыр-ай, баладай аңқау халқыма, жар бола гөр, уа, құдай! – деуі ұлылығын аңғартпай ма? Олардың аруағы мәңгілік рухани күшке айналып тұрған жоқ па?

Ол заманда, кең-байтақ жеріміздің шетіне жау кірді дегенді естісімен, әрбір қазақ рулары дереу, бүгінгі тілмен айтсақ, бір-бір батальондай қарулы азаматтарын жауға қарсы аттандырып отырған. Сол батальон командирлерін, әр ру өз батыры дәрежесіне көтерген. Дұрыс делік. Ал мына егеменді ел болғанда, бүкіл қазақ халқы болып, ұлы перзентіміз елі үшін еңіреген Сыдық сұлтанды (кейде Садық-Сыздық деп те атайды) (1839-1910) неге құрмет көрсетіп, еске алып, аруағына тағзым етпейміз? Даңғойлана, еліре, желікбастана оны білгіміз де келмейтіндей. Сыдықтың (Садық, Сыздық) не жазығы бар еді? Ол жалғыз ғана қазақ елінің бостандығы үшін күресіп қана қоймай, бүкіл Орта Азия халықтарының, Шығыс Түркістанның бостандығы үшін Ресей империясының әскерлерімен соғысып, жан алып, жан берісken азаматымыз. Сыдық сұлтанның өжеттігі, қолбасшылығы жөнінде академик В.В.Бартольд (1869-1930) егжей-тегжейлі еңбегінде жазып, әкесі Кенесарыдан артық болмаса, кем болмағандығын әсерлі жазған. Ал Б.Умирьяев болса, Сыдықтың қайсарлығы Тадеуш Костюшкаға (1746-1817) пара-пар, әскери талантты Дж.Гарибальдиға (1807-1882) ұқсайтындығы жөнінде жазады.

Осындайда айтпаса, сөздің атасы өледі дегендей, ұлтымыздың ұлы перзенті Сыдық сұлтанды санамыздан өшіріп – ұмыттыру, әкесі Кенесарыға зәулім ескерткіш орнаттық, жер-жерде көше аттарын бердік, «бір басқа бір көз жеткілікті» деგеннің керін келтірген, бақай есепке салынған сұмпайы түріміз бе?

Жастардың ұлттық патриотизмі деген ұғым білгендерге осындай ұлыларды ұлықтаған соң туындамай ма?

Есімін ешкім білмейтін, естімеген адамның аты-жөні көшелерге берілгенін оқып тұрып: – Бұл кім болды екен деген ойға келіп, сол көшеде тұратын әлде біреулерден сұрай қалсаң, – «Кім біліпті, әйтеуір аудандағы «заготконторды» басқарған, сонау қиыншылық кезеңдердің өзінде етігін қонышынан басып, ауқатты тұрған адам көрінеді деп осынау өңірге нендей жақсылық жасағанын айта алмай, құр езу тартып, күбіжіктеп жымыңдайды.

Әрине, мұндай әрекет ұрпағының әулекіленіп, тыраштана жүріп, өзінің ең ардақты аруағына сөз тигізіп, ол сорлыны қабірінде де тыныш жатқызбай қорлағаны есіне кіріп те шықпайды. Осындайда, хакім Абайдың: «Әкесінің баласы – адамның дұшпаны, адамның баласы – бауырың» деуінде көрегендік, ұлылық жатқандай. Ұлттық моральды аяқасты қылып, азаматтығын тәрк еткен осындай мырқымбайлар отандастарын, ұлтын қалай сыйламақ?

> **Содан барып жазушысымақтар көбейіп, бұл күнде олардың саны 800-ден асты. Ал солардың ішінде, еліне, халқына, ұлтына нағыз жанашыр 10-15-тей ғана жазушы бар. Қалғандары біреулерге арнап өлең, жарапазан жазып, садақа алып, кітаптарын жазып беріп, пайда тауып жүргендер. Сонда бәріміз жаппай осындай қылықтарға көшсек, елімізді қалай көркейтпекпіз, алға бастырмақпыз?**



Оны айтасың, қазір өзін зиялылар қатарында санап жүрген 130 мыңға жуық оқымысты «ғалымдар» бар. Солардың жүз мыңдайының несімен, нендей жаңалық ашып, қалай ғалым болғандықтарын өзі де, басқалары да мыңғырлап айта алмайды. Осындай кеудемсоқтарға қарап, ғұлама ғалымдар Қ.Сәтпаев, Ә.Марғұлан, М. Әуезов, Е.Бекмаханов, Е.Бөкетовтер тірі болса жер басып жүре алмай, ғалымдық атақтарынан бас тартары сөзсіз болар еді. Осы ойыма негіз, тірі жүрген шынайы ғалымдармен әлдеқалай бір сөйлесе қалсаң, мына ми батпақтың ішінде өздерін ғалыммын деп айтуға ауыздары бармай, ұялатын халде. Ана «а-ля» ғалымдарда бет жоқ. Сонда не болғаны, қайтіп қалай ел болмақпыз? Ұрпағымыз кімге қарап, бой, ой түземек? Бұл дегенің, әрине, сонау құрдымға кеткен Кеңес заманынан қанымызға сіңірген, тексізден текті жасау үрдісінің, әлі күнге дейін кіндігінің үзілмей келе жатқандығы. Одан әріде, «Дала уәлаятын» басқарған губернатор М.М.Сперанский (1772-1839): «Қазақтарды зорлап шоқындырып, Иванов, Петров қылудың қажеті жоқ, әрі күмәнді. Бұларды ұлтсыздандырудың тура жолы, көптеп орыс мектебін ашып, ұрпақтарын орыс тілінде оқытсақ, өздерінен өзі орыстанады» деуіндегі көрегендігінде жатса керек. Оған дәлел, таяуда орыстың бір саясаткерінің: «Если человек говорит и думает по-русски, и если его поступки определяются мировозрением, основанном на русской культуре и истории, – это русский человек, часть русского народа» деуі М.Сперанскийдің ойын айқындай түседі.

Болмысымызға, әдет-ғұрпымызға, салт-дәстүрімізге, тілімізге, ұлттық қасиеттерімізге, санамызға, әлі де болса қырын қарауымыз – бұл санамыздың кешегі қызыл империя құшағынан шыға алмай отырғанын білдіреді.

Егемендік алдық деп алақайлаған елге, 30 жыл есеңгіреп мәңгүрттеніп жүру – қорлық, трагедия. Билікте жүрген сүйменжұтқан қазақтар өз қандасы қазағын, аяқасты басқаларға жығып беріп отырғанда, өзге жұрт, төңірек, қазақты ұлт екен деп қалай сыйламақ? Қазақ ұлтының қара шаңырағына ілтипатпен бас игізе алмаған себепті, құр бос дарақылыққа салынып, көшелерге, мектептерге, ауылдарға ешкімге белгісіз туысымыздың атын бергіш болғанымыздан ұлттық санамыз, ұлттық ұстанымымыздың өрге баса қоюы қиындай түсетіндей.

Осы орайда, мысалға Алжир халқын алайықшы. Олар егемендігін 1962 жылы алысымен жанұшыртып, келешегін ойлап, намысқа басып, балаларын жаппай өз ана тілінде оқыта бастады. Мектеп тапшылығына қарамастан, күрке, шалаштарда оқытты. Оқу құралдары жетіспе-

# ӘУЛЕКІЛІК

се де, кітаптарды қолдан көшіріп көбейтті. Ақыры, тез арада естерін жиып, араб елдерінің қатарына, еңсесі биік, тең ел болып қосылды. 22 миллион халқы бар алжирліктер француздардан қаймықпай, қымсынбай-ақ, өз тілінде сайрап елдігін тірілтіп ала жөнелді.

Бала оқытатын шалаш, күркелердің қасында, зәулім, көпқабатты, француз тілінде оқытатын, компьютерге толы, жарқырап, жайнап тұрған мектептер, сол кезде қаңырап бос қалды. Ұлылық, ұлттық намыс деген осы болар. Ал біз ше? Егемендігімізге отыз жыл болса да, әлі бос белбеулікке салынып, көршілеріміздің көңіл-күйіне жалтақтай қарап, қоянжүректенудеміз. Бұқпантайлай берсек, келе-келе, ұлттық қасиеттеріміздің жұрнағы да қалмайтын түрі бар.

Өткен ХХ ғасырдың басында біздерде де алжирліктердей лашықтарда ұрпағымызға ана тілінде білім беріп, жастарымыздың намысын оятқандығымыздан, солардың ішінен жаппай ел қамын ойлайтын ұлтшыл Алаш азаматтары шығып еді. Бұлардың көбінің білімі Еуропа, Ресей университеттерінде әрі қарай ұшталғандықтан, Кеңес өкіметін басқарып отырғандардан артық, әрі сұңғылалық танытқандықтан, қызыл террор қырғынға бұқтырып, Алаш зиялыларының көзін жойып, ойран-топырын шығарып, жер аударып, асып, атып, соттап, әрі қазақ елінің алдындағы малын тартып алып, аштыққа ұрындырып, басын сиретіп, өздеріне қолайлы ел ішіне «арам шөптерді» қаулатып жіберді. Абай хакім айтқандай: «Адам бір іші толған боқтың қабындай» дәрежеге жеткізді. Содан бері құмырсқа құрлы бола алмай қалған халдеміз. Олардың жолдарына кеселденең тұрып қалған жыланның өзін де ынтымағы беріктігінен жабыла кетіп әп-сәтте көзін жойып жібереді ғой.

Ал біз ше? Алысқа бармай-ақ қояйық. Семейдің тумасы, шовинист Н.Е.Морозовқа Семей қаласының нақ ортасынан ойып тұрып бір үлкен көшенің атын бердік. Өзі 17 жыл екі үлкен облысымызды басқарып жүріп, жергілікті қазақтарды ұнатпаған нацист еді. Сол қылығын жасырмай, Семей баспасында шығарған «Горькая правда» кітабында «Казахстан – это надуманное государство», «Азиаты – коварный народ» дейтініне қарамастан, қазақтың зиялысымын деп көкірек керіп жүрген бір азаматымыз шімірікпестен, қазақ мемлекетінің заңын белден басып, сол Морозов тірі жүрсе де, қала ортасынан көше атын беріп жіберген. «Заготконторды» басқарған қазаққа көше атын берді деп назаланып жүргенде, мына оспадар, ұр да жық қылығымызды немен, қалай түсіндіруге болар екен? Осынау намыссыздығымызды көз алдыңа елестетсең, сонда біз кімбіз? Оны айтасың, тіпті кәкір-шүкірленіп, өздерін мәңгілікке аттарын қалдырмақшы мақсатпен, бала-шағаларының аузынан жырып, қалтасындағы азын-аулақ тиын-тебеніне, оншақты жолдас-жораларынан екі-үш беттік мадаққа толы былдыр-батпақ бірдеңелерді жазғызып алып, ішін неше түрлі фотосуреттерге толтырып кітап қылып шығарып жатыр.

Содан барып жазушысымақтар көбейіп, бұл күнде олардың саны 800-ден асты. Ал солардың ішінде, еліне, халқына, ұлтына нағыз жанашыр 10-15-тей ғана жазушы бар. Қаламгерлер біреулерге арнап өлең, жарапазан жазып, садақа алып, кітаптарын жазып беріп, пайда тауып жүргендер. Сонда бәріміз жаппай осындай қылықтарға көшсек, елімізді қалай көркейтпекпіз, алға бастырмақпыз? «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан!» деп Абай хакім айтып кеткендей кем-кетігіміз бастан асады.

Ұлт болып, елдігімізді сақтап, әрі қарай дамыту үшін іргеміздің мықты берік болуы шарт. Сонда деймін-ау іргелі ел болуымызға, кетік жерлеріне опасыз, қу, жан-жағын жалмаушы обырлар қаланып жатқанда болашағымыз не болмақ? Өзіміздің көмескіленіп жоғалып бара жатқан ұлттық қасиетімізді, рухымызды қалай ғана көтермекпіз?

Елім-ау! Ұлтым-ау! Ұлылығыңды қайтейін, «Кедейдің күні кіжінумен өтедінің» кейпіндемін. «Өзіңе сен, өзіңді алып шығар ақылың мен еңбегің екі жақтап» деп, Абай хакім айтқандай, ұлттық ұлы қасиеттерімізге берік болайық. Анаған көше аты, мынаған мектеп аты беріледі, қала аты аталмады, ескерткіш орнатылмады деген құр желөкпелікке салынбай, тектілігімізді жаңғырту, намысымызды ояту парыз болмақ.

Ал сол аталас, талас рушылдықтың кесірінен, еліне жаны ашымаған адамдарға орнатылған ескерткіштерден, қарап тұрсаң, жылылықты, мейірімділікті сезінбейсің, қайта суық, ызғар аңғарылады. Жалған атақ, бос дәреже ешкімге опа бермейді.

Саралап келгенде, осынау тыраштықтың бәрі көбінің өлімнен қорыққандығынан болса керек. Дүниеде шынайы өлмеймін десең артыңа тәрбиелі ұрпақ, әрі жүрген ортаңа нұрлы, сәуле түсіретін іс атқарып, халқыңа адал қызмет атқарып кет. Адамның нағыз мәңгілігі – осы. Халқымыз: «Әкең өлсе де әкеңді көрген өлмесін» атты қағидасында ғұламалық ой жатыр. Осынау ой, философ Фейербахтың еңбегінде де кездеседі. Ұрпағың көп болса, сенің бұл өмірге қайтып оралуың ақиқат. Римнің атақты көне ойшылы Сенекадан: «Адам өлген соң қайда барады?» деген біреудің сауалына: «Қайта тірілуі үшін кезекке тұрады» деуінде, бүгінгі генетиктер де таң қалатын ғажап тұжырым аңғарылады. Халқыңа адал қызмет атқармасаң, ұрпағың өспесе, даңғазалыққа салынып, әр жерге атыңды бергізгеннен ештеңе шықпайды, опа бермейді.

Оның үстіне, ортақ қорымда жатқан, тірісінде еліне атқарған жақсылығы байқалмаған әруақтардың басына зәулім ескерткіштер, ғимарат салу, сол жатқан жері жарық болғыр аруақтар, ой-санаңды рухтандыра алмай, ізет, құрмет туғызбайды, қастерлетпейді. Себебі олардың қайта өмірде істеген қиянаттарын еске түсіртіп, ұрпақтарын ұятқа батырады. Есте жүретін жайт, дүниеде таза мінез, қайырлы іс жиып қайтқанда ахиретке бірге баратын дәулет екенін білген жөн. Жалпы жер басып жүрген адамға әсіресілтеушілікке, астамшылыққа барып тәкаппарлану жақсылықтың нышаны болмаса керек. Пайғамбарымыз Мұхаммед с.ғ.с. тірісінде, өзінің бетпердесін, суретін ешкімге салуға рұқсат бермеген көрінеді. Бұл күндері әр жерде кезігіп қалатын Мұхаммед с.ғ.с. пайғамбарымыздың бейнесі деп жүргеніміз уақытында әлдебіреулердің айтуымен салынған (ауызша портрет) деп білгеніміз жөн.

Шындығында, пайғамбарымыз Мұхаммед с.ғ.с. орта бойлы, ақ жүзді, жирен сақалды, қара шашты, қыр мұрынды, қабағы қою, көркем жүзді, жауырынды, сөйлесе сөзі балдай тәтті болғанға саяды.

Пайғамбарымыз өзін әспеттетпеуі, ертең жер-жерде оған тасқа қашап зәулім ескерткіш орнатып, үйлерінде суретін іліп, ол бейнеге тағзым жасап, бастарын иіп – ла иллаһа иллаллаһу – Алланың Құдірет, күш-қуатын, шарапаты мен шапағатын түсінуіне кесірін тигізеді, ұмыттырады деп қарсы болған.

Қандай ұлылық, имандылық, қарапайымдылық, рухани күш, жарасымдылық, үйлесім, даналық, пайғамбарлық?!

**Егемендік алдық деп алақайлаған елге, 30 жыл есеңгіреп мәңгүрттеніп жүру – қорлық, трагедия. Билікте жүрген сүйменжұтқан қазақтар өз қандасы қазағын, аяқасты басқаларға жығып беріп отырғанда, өзге жұрт, төңірек, қазақты ұлт екен деп қалай сыйламақ? Қазақ ұлтының қара шаңырағына іліпатпен бас игізе алмаған себепті, құр бос дарақылыққа салынып, көшелерге, мектептерге, ауылдарға ешкімге белгісіз туысымыздың атын бергіш болғанымыздан ұлттық санамыз, ұлттық ұстанымымыздың өрге баса қоюы қиындай түсетіндей**



Сонда деймін-ау, бүгінгі біздің мұсылманмын деп жүрген пысықайлардың қылықтарына не жорық?

Мәдениетімізден, адамгершілік қасиетімізден, ұлылығымыздан, ділімізден жұрдай, Абай хакім айтқандай: «Бас басымызға би болған өңкей қиқым», дарақы, дүмбілез, дүдәмал, әулекі, есерсоқ әумесер, есірік, тыраш, тыртақ, тыртаң, бөспе, бетсіз, босбелбеу, боспебай, есуас, ессіз, есерсоқ, алаңғасар, көпірме, өтірікші, шалағай, мақтанқұмар, мақтаншақ болғанда, кім болдық? Тоқтау айтар, жөн сілтер, бәтуаластыратын, елдігіміздің іргесін нығайтатын, былықшылықтан айырып, қазақы философиядағы ұлы гармониялы ұлылығымызды қалпына келтіретін қазақ табылса, қанеки?!

Түрікшілдіктің негізін қалаған Зия Көкалып (1876-1924): – «Егер түріктерді, түрікшілдік мұраты аясында біріктіріп, үлкен құлдырау қаупінен құтқара білетін ұлы данышпан тумаса, түрікшілдікке байланысты бүкіл іс-әрекет нәтижесіз қалмақшы еді. Құдайға шүкір, бүгін, бүкіл әлем Ғази Мұстафа Кемал паша есімін қасиеттеп, әр сәтте құрметпен еске алады. Бұрын Түркияда түрік халқының ешқандай маңызды орны жоқ еді. Бүгін бар құқық – түріктікі. Түрік жеріндегі бүкіл билік – түріктерде. Саясатта, мәдениетте, экономикада билік – түріктерде. Осындай мықты да үлкен түрікшілдікті жүзеге асырған адам – Кемал Ататүрік. Ол – түрікшілдіктің ең ұлы қайраткері. Өйткені қиялдап ойлау мен насихаттап айту – оңай. Ал ол қиялды жүзеге асыру және табысты нәтижеге жеткізу, әсіресе қиын» дейді.

Ал біз болсақ, өз қолымыз өз аузымызға жетті деп даурыққанымызға отыз жылдың жүзі болса да, әлі ес жия алмай, қазақи ортақ тәрбие аясында өсіп, жетіле алмай пүшәйман дегенерат хал кешіп, кім көрінгенге жем болып, келешегіміз бұлыңғырланып, бақытсыздыққа ұрынатын түріміз бар. Рухымызды асқақтатып, намысымызды оятатын ортақ түйсік, ұлы гармония үйлесім тұтастығын орната алмай келеміз. Бұқар жыраудың (1668-1781):

*Аталыдан би қойсаң,*
*Адаспас жол мен жобадан.*
*Атасыздан би қойсаң,*
*Босамас аузы парадан,* – дегені келгендей.

*Арамдық кірген қоғамда қандай береке болмақшы?*

*Малдан айырмашылығымыз түйсік пен тіліміз еді. Сол адами қасиеттерден айырылып барамыз.*

*«Топтан қалған қарға қазды, топтанған қарға жейді»* дегенге ұрынатын түріміз бар. ...Арқада Бурабайдай жер болмайды, Алашта Кенекеңдей ер болмайды! Кене арыстан мезгілсіз мерт болды ғой, Алашқа бұдан да зор сор болмайды. Ел азды, арқа тозды, қайғы басты... Күңіреніп біздей бейбақ жыр толғайды! Құдай-ау, мәңгілікке қарғамасаң, Кенедей енді неге ұл тумайды? Кене жоқ, ізін басқан іні де жоқ, Дариға, жүрегімді дерт улайды! (М.Жұмабаев) Ойға ой қосайық, ағайын!..

№88 (4057) 28 шілде 2020 жыл
ASTANA AQSHAMY www.astana-akshamy.kz
@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo



# БАСПАСӨЗ БЕН ТЕЛЕЖУРНАЛИСТИКАНЫ ТЕЛ ЕМГЕН

**Қазіргі журналистердің көбісі газеттен гөрі телеарнада жұмыс істегенді қалайды. Әрине, баспасөз бен тележурналистиканы тел емгендері де бар. Әсіресе, аға буын арасында. Соның бірі – осы екі саланың ыстығына да, суығына да төзіп келе жатқан тәжірибелі журналист, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, журналистер арасындағы бірнеше шығармашылық байқаудың жеңімпазы Ғалым Омарханов. Оның журналистік жолының басталғанына қырық жылға жуықтады. Осы аралықта қарапайым тілшіліктен бастап, басшылық қызметтерді атқарды. Қазір «Қазақ газеттері» ЖШС-інің Нұр-Сұлтан қаласындағы өкілі болып отырған Ғалым Орынбасарұлы алпыстың асқарына шықты.**

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

### НАРМАХАН АҚЫННЫҢ МЕКТЕБІ

Бесінші сыныпта оқып жүргенде сөз өнеріне әуестігі оянды. Жазғандарын республикалық «Қазақстан пионері» мен аудандық «Ордабасы оттары» газеттеріне жіберетін. Мақалалары осы екі басылымда кезекпе-кезек жарияланып жататын. Жазу-сызуға ебі жақсы екенін байқаған аудандық газеттің сол кездегі бас редакторы, белгілі ақын Нармахан Бегалиев журналистика әліппесін үйретіп, бағыт-бағдарын айқындап берді. Ғалым мектепті бітірген соң, Алматыға аттанды. Бірақ алғашқы жылы ҚазМУ-ге (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) түсе алмады.

Ол уақытта журналистиканы оқытатын жалғыз оқу орны осы болғаннан кейін, конкурс сұмдық болып жататын. Бір орынға қаншама абитуриент таласатын. Ғалымның сол кезде жолы болмады. Әйтпесе білімі жеткілікті еді. Бірақ еңсесін түсірген жоқ, туған жеріне қайтып оралып, аудандық газетте, Нармахан ағасының қол астында жазуын шыңдады. Бастапқыда корректор болды. Одан тілшілікке ауысты. Бір жарым жылдан кейін Алатауды қайтадан бетке алды. Бұл жолы бағы мен бабы келісіп, студент атанды.

### КЕРЕКУДЕГІ КҮНДЕР МЕН ЖЫЛДАР

Бірге оқуға түскен қыз-жігіттер сайдың тасындай іріктелгендей еді. Кейіннен бұл курстан екі министр, Парламент депутаттары, ондаған редактор, елге белгілі ақын-жазушылар шықты. Бірнешеуі қазір белгілі, белді басылымдардың тізгінін ұстап отыр. Ал Ғалым Омарханов университетті бітірген бойда бүгінгі танымал журналист, сенатор Нұртөре Жүсіппен бірге Павлодар облыстық «Сарыарқа самалы» газетіне жолдамамен жіберілді.

Иә, кеңес заманында дипломды енді қолына алған жас маманда таңдау еркі болмайтын. Орталық комитет жолдаманы қайда жазып береді, сол жаққа аттанатын. Оңтүстіктің жігіті осылайша солтүстікке топ ете қалды. Сол жерде отыз жыл әртүрлі қызмет істеді. Газетте тілшіден бөлім меңгерушісі қызметіне көтерілді. Кейіннен Павлодар облыстық телерадиокомпаниясына шақырылды. Осы жерде бас редактордың орынбасары, бас редактор болды. Екі жылдай облыс әкімдігінде консультант-бас маман болып жүріп, мемлекеттік қызмет те істегені де бар. Журналистикаға қайтып оралып, «Егемен Қазақстан» газетінің Павлодар облысындағы меншікті тілшісі, «Қазақстан-Павлодар» телекомпаниясы директорының орынбасары қызметтерін жемісті атқарды.

### ТЕЛЕСТУДИЯ ТІЗГІНІ НЕМЕСЕ БАС ҚАЛА БАСЫЛЫМЫНДА

Ал елдің жаңа астанасына 2004 жылы арнайы шақыртумен келді. «Лев Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің бұрынғы ректоры Сәрсенғали Әбдіманапов пен «филология» факультетінің сол кездегі деканы, оқу орнының қазіргі проректоры Дихан Қамзабекұлы мені астанаға шақырды. Олар «Сіздің тәжірибеңіз бар ғой, телестудияда студенттер үйренетіндей, тәжірибе алатындай жұмыстарды жолға қойып берсеңіз» деген өтініш айтты. Осы жаққа содан кейін келіп, телестудия тізгінін ұстадым» дейді кейіпкеріміз.

Одан «Астана ақшамы» газетіне ауысты. Иә, Ғалым Омархановтың қолтаңбасы бас қаланың бас басылымында да қалды. Газеттің сол кездегі бас редакторы Нұртөре Жүсіптің орынбасары болды. Кейіннен газетті басқарған белгілі ғалым Амантай Шәріппен де жұмыс істеді. Осында жүргенде туған жерінен шақырту келді. Отыз бес жыл сыртта жүрген азамат ойланбастан соны қабыл алды. Оған жай емес, «Қазақстан» РТРК АҚ Оңтүстік Қазақстан облыстық филиалының директоры қызметі сеніп тапсырылды.

### ТУҒАН ЖЕРГЕ ТУЫН ТІККЕНДЕ

Бұған дейін оңтүстік халқы көршілес Өзбекстанның телеарналарын көретін. Қариялар өзбектің киноларынан әбден запы болып, оның үстіне ұрпақтың тілі өзбек тілінің әсерінен шұбарланып бара жатқанын байқап, наразылықты көп білдіретін. Ғалым Омарханов облыстық телеарнаға келгеннен кейін жағдай түзеле бастады. Ақыры өңір халқының 97 пайызының жергілікті қазақ телеарнасына қолы жетті. Сол мақсатта 14 елдімекенде хабар таратушы құрылғылар орнатылды. Әрине, мұның бәрі облыстың сол кездегі басшысы Асқар Мырзахметовтің тікелей қолдауымен жүзеге асты.

Ғалым Орынбасарұлының өңірдегі жемісті еңбегінен



кейін телекорпорация басшылығы оны астанаға алдырып, басқарма төрайымының аймақтар бойынша орынбасары қызметіне тағайындады. Телеарнадан қайтадан газетке оралып, күні кешеге дейін «Егемен Қазақстан» газетінің шолушысы болды. Одан кейін қазіргі қызметіне келді.

### ТҮРЛІ БАСЫЛЫМ БАСЫН ҚОСҚАН

«Қазақ газеттері» ЖШС құрамына қазіргі кезде «Ана тілі», «Ұйғыр авази», «Экономика» газеттері мен «Ақиқат», «Үркер» және «Мысль» журналдары кіреді. Елордада осы басылымдарға жазылымды ұйымдастыру, басқа да жұмыстар Ғалым Омархановтың міндетіне жатады. Әрине, оңай іс емес, бұған мықты менеджерлік керек. Телеарналарды басқарғанда онысын көрсетті. Әлі де көрсетіп келе жатыр.

### ҚАЛАМ АРҚАУЫ – АСТАНА

Қаламға келсек, дәстүрлі журналистикадан бөлек әдебиетке де бейімі бар-ды. Жас кезінде сатиралық әңгімелерді жазатын. Студент күнінде әңгімелері «Жас Алаш» газетінде жарияланды. Кейіннен таза журналистикаға көшті. Бұл да жеміссіз емес. Екі жыл бұрын астананың 20 жылдығына арналған материалдар топтамасымен «Үркер» ұлттық сыйлығын иеленді. Мұның сыртында «Мемлекеттік тіл және БАҚ» секілді ірілі-ұсақты байқауларда топ жарды.

Астана туралы көп жазған бір адам болса, бұл – журналист Ғалым Омарханов. Сөзіміз жалаң болмас үшін «Аудармаға абай болған абзал» атты бір мақаласынан үзінді келтіре кетейік.

«Ең бастысы, көшелердің аудармасына аса сақ болған жөн. Мысал ретінде айтайық, көшенің орысша атауы «улица Омарова» деп жазылды дейік. Қате емес, дұрыс. Енді осының қазақшасы «Омаров көшесі» деп жазылуы керек қой. Мемлекеттік тілді түсінбейтіндердің кесірінен бе, жоқ әлде соны дайындағандардың салдыр-салақтығынан ба, қазақша аудармасын да сол күйінде «Омарова көшесі» деп жаза салады. Ер кісі әйел адамға айналып шыға келеді» дейді автор.

Бұдан соң тағы бір проблеманың ұшын шығарып, мақаланы түйіндейді. «Көше дегеннен шығады, Астанада атауы қайталанатын көшелер де аз емес. Абай даңғылы бар. Абай қысқа көшесі бар. Абайдың 150 жылдығына берілген көше бар. Ұлы Абайға қанша көше берсек те артық емес шығар, бәлкім. Бірақ, астаналықтар мен елорда қонақтарын шатастырғаннан басқа мұның қандай пайдасы бар?! Александар Затаевич көшесі бар, Александр Затаевич қысқа көшесі бар. Атбасар көшесі бар, Атбасар қысқа көшесі бар. Мұндай мысалдар көп.

Сондықтан тиісті мекемелер мен комиссиялар осының бәрін реттеуге мән берсе дұрыс болар еді. Өйткені бұл ұсақ-түйек емес, бәрімізге ортақ, өте маңызды мәселе» дейді ол. Осы жерде автормен келіспеске амалымыз жоқ. Себебі бұл әлі де өзекті, күн тәртібінен түскен жоқ.

### ҚАЖЫМҰҚАН ЖАТҚАН АУЫЛДАН – БАЛУАН ТУҒАН ЕЛГЕ

Осы материалды жазарда тақырыбын «Қаламның «Қажымұқаны» деп қоямыз ба деп ойлағанбыз. Бірақ кейіннен бұл тым әсірелеу болып шығатын шығар деген ой да келді. Себебі қызыл сөзден, артық мақтаудан халық шаршады. Қазір кейбір адамдардың мақтауын асырып жіберіп, «ұлы» деңгейіне жеткізіп жүргеніміз өтірік емес. Ғалым Омархановқа мұның керегі жоқ. Қанша қызмет істесе де, қарапайым қалпын сақтап келе жатыр.

Ал әлемге әйгілі балуан Қажымұқан Мұңайтпасұлын бекерден-бекер ауызға алып отырған жоқпыз. Арқада туған Қажымұқан кейіннен оңтүстікке қоныс аударып, сол жақта мәңгілікке дамылдады. Ғалымның кіндік қаны балуан жатқан сол Темірлан ауылына тамды. Қажымұқан жатқан ауыл атымен де әйгілі Темірланнан соның әсерімен талай балуандар шықты. Ғалым Омархановтың өзі де кезінде күреспен айналысты - қазақ күресінен спорт шеберлігіне кандидат.

Қажымұқан жатқан ауылда туып, тағдырдың жазуымен балуанның кіндігі кесілген елде жүрген журналистің, жалпы журналист ретінде солтүстікте қалыптасып, жұртқа танылған тұлғаның алар асуы әлі де мол деп есептейміз. Тек Алла ұзақ ғұмыр берсін дейміз.



@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

# ТАҢДАҒАН КӘСІП – ӨМІР БОЙЫ НӘСІП

**Саналы түрде таңдалған мамандық жеке тұлғаның болашақ өміріне әсер етеді. Өз кәсібін дұрыс таңдай білген оқушы оған әр уақытта шығармашылықпен, жауапкершілікпен, қабілеті мен бейімділігі белгілі бір кәсіп саласына сай қалыптасқанда ғана сапалы маман болатыны белгілі. Сол себепті қазіргі таңда мектеп түлектеріне кәсіби бағыт-бағдар, ақыл-кеңес беру мәселесіне аса назар аударғанымыз жөн. Кәсіби бағдар беру – шешімі табылуға тиісті өте күрделі, кешенді мәселе.**



Заман талабына сәйкес кәсіптік білім беру саласында адамның табиғи ерекшеліктеріне сәйкес көптеген мамандықтар мен кәсіптерге дайындау – кезек күттірмейтін талап. Қазіргі таңда кәсіби бағдар беру мәселесі бірінші кезекте тұр, сондықтан білім саласының қызметкерлері – кәсіби бағдар берушілер, оқытушылар арнайы кәсіби бағдар беру терминдерін білулері қажет.

Кәсіптік бағдар беру – қоғамның қажеттілігіне қарай әрбір оқушының қабілеттілігі мен бейімділігін ескере отырып, кәсіпке қызығушылығын қалыптастыру мен болашақ мамандығын саналы түрде таңдауға көмектесу мақсатында атқарылатын жұмыс. Кәсіптік бағдар беру жұмысы жас ұрпақтың саналы түрде болашақ мамандығын қателеспей таңдауға үлкен мүмкіндік жасайды.

Қазақстанда кәсіптік білім беретін бірнеше оқу орындары бар, соның бірі – білім нарығында 75 жыл сапалы білім мен саналы тәрбие беріп келе жатқан Жоғары көлік және коммуникация колледжі.

Колледждегі кәсіптік бағдар беру және жұмыспен қамту бөлімінің жұмысын жандандыру үшін ағымдағы оқу жылында мектеп оқушыларына кәсіптік бағдар беруге және колледж түлектерін жұмысқа орналастыруға бағытталған бірқатар іс-шаралар өткізу қарастырылып, жүзеге асуда. Атап айтар болсам, былтырғы қараша айынан бастап біздің колледжге Сарыарқа ауданының 12 мектебінің оқушылары келіп, оқу ордасымен жақын танысып, оқытушылар оларға мамандықтар туралы салмақты әңгіме өрбітіп, тәжірибе және әлеуметтік серіктестер туралы айтты. Сондай-ақ олар колледждің материалдық-техникалық базасымен танысып, мұражайды аралады.

Кәсіби бағдар беру жұмысын екпінді жүргізу үшін оның ақпараттылығын қамтамасыз ету керек. Колледж мектеп түлектері мен ата-аналарға мамандықтар туралы ақпарат беру мақсатында Нұр-Сұлтан қаласы бойынша барлық мектеп-лицейлерге, Ақмола және Қостанай облыстары бойынша көптеген аудандарға хат жіберілді.

Колледждің сайтына, сонымен қатар Facebook, Instagram парақшаларына жаңартылған мәліметтер үнемі салынып, оқырмандарды қызықтырған сұрақтарға уақытында толығымен жауап беріледі.

2020-2024 оқу жылдарына техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша барлығы 400 орын грант берілді.

Аталған білім ордасындағы кәсіптік бағдар және жұмыспен қамту бөлімінің негізгі мақсаты мектеп түлектеріне кәсіптік бағдар беру ғана емес, колледждің бітірушілеріне дұрыс бағыт-бағдар бере отырып, жұмысқа орналастыруды көздейді.

Қазіргі күні қоғам алдына қойылған негізгі міндеттердің бірі – жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру. Сондықтан да заман талабына сай мамандықты игерген жастарға сұраныс жоғары. Нарықтағы бәсекелестік күннен-күнге артып келеді. Бүгінгі заман талабы кәсіптік білім беру саласында адамның табиғи ерекшеліктеріне сәйкес мыңдаған мамандықтар мен кәсіптерге дайындау – кезек күттірмейтін талап.

Осыған орай, колледжде бітіруші түлектерді жұмыспен қамту мақсатында бірқатар жұмыстар жүргізілді. Әлеуметтік серіктестеріміз: «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ, «Қазақавтодор» РММ, «Транстелеком» АҚ, «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы» АҚ, «KEGOC» АҚ, «АРЭК» АҚ-мен үнемі түлектермен кездесу ұйымдастырылады. Соның бір дәлелі ретінде биыл төртінші ақпанда «Жолаушылар тасымалы» акционерлік қоғамы «Экспресс» филиалының Нұр-Сұлтан телімі бойынша сервистік қызмет көрсету бөлімі бастығының орынбасары Керемет Айдарбекова және аға нұсқаушысы Мәди Жеңісбековпен «Жастардың терең білімі – жарқын болашақтың кепілі» атты кездесу болды. Кездесуге келген қонақтар колледж студенттерінің бәсекеге қабілетті, темір жол саласында қызмет істейтініне, ел экономикасының көтерілуіне өз үлестерін қосуға дайын болатынына сенім білдірді. Бұл сөз біздің түлектерімізге жұмысқа орналасуларына үлкен мотивация берді.

Біздің оқу ордамыз «Атамекен» кәсіпкерлік палатасымен де тығыз байланыста. Биыл ақпан айында осы орталық өкілдерімен кездесу өтті. Кездесу барысында Нұр-Сұлтан қаласының Кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары А.Есентемиров мобильді жұмыспен қамту орталықтары, ондағы бос жұмыс орындары туралы айтып өтті. Сондай-ақ ол бизнес-жоспар жасауға, бизнесті жүргізуде қаржыландыру және одан әрі көмек пен қолдау көрсететінін жеткізді.

Қорыта айтқанда, жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі «Құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді» деген ұстанымды әрбір мектеп түлектері мен колледж студенттері жадынан шығармауы тиіс деп ойлаймын. Бүгінгі студент – ертеңгі маман еліміздің дамуына үлес қосатынын ұмытпаған абзал.

Мамандық таңдаудан жаңылмай, өз өміріңіздің бір кірпішін дұрыс қалауыңызға тілектеспіз!

**Манар ИБРАЕВА,**
**Нұр-Сұлтан қаласындағы Жоғары көлік және коммуникация колледжінің бөлім басшысы**

# ЕЛОРДАДА – ЖАҢА МЕКТЕПТЕР

**Соңғы жылдардағы статистикаға сүйенсек, елорда халқының саны төрт есе өсіп, 1 миллион адамнан асыпты. Ал мектеп жасындағы балалар саны 200 мыңнан асқан. Осы орайда ел астанасында мектеп құрылысына деген сұраныс жоғары.**



Қазіргі уақытта қалада 117 жалпы білім беретін орта мектеп болса, жаңа оқу жылында білім ордаларының қатары толықпақ. Халық тығыз орналасқан аудан мектептеріндегі үш ауысыммен оқытын жүктеме сәл жеңілдейді. Биыл 10100 оқушыға арналған 14 нысан іске қосылады деді қалалық Білім басқармасының басшысы. Оның ішінде 8 жаңа мектеп 7000 орынға арналса, 3100 бала оқитын 6 нысан жұмыс істеп тұрған мектепке жалғап салынған.

Анықтама:

- «Мичурино» тұрғын алабында – 600 орындық мектеп;
- Т.Рысқұлов және №36, Е171 көшелерінің қиылысында – 900 орындық мектеп;
- Оқжетпес және Ш.Бөкеев көшелерінің қиылысында – 900 орындық мектеп;
- Ұлы Дала және №39 көшелерінің қиылысында – 1200 орындық мектеп;
- Тайбурыл, 17 көшесіндегі №23 мектепке қосымша құрылыс – 600 орынға.

Дайындаған
Гүлжан **АБАЙҚЫЗЫ**

**Жаңа оқу жылы коронавирус пандемиясына байланысты қашықтан оқу форматында басталады. Осыған орай, елордалық ұстаздар қашықтан оқытудың жаңа мүмкіндіктерін меңгеруде.**



# ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Білім басқармасы оқу жылының сәтті басталуы үшін дайындық жүргізіп, қажетті шаралар қабылдауда, деп хабарлайды Нұр-Сұлтан әкімдігінің ресми сайты. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Білім беруді жаңғырту орталығы онлайн сабақ өткізуге арналған бірнеше виртуалды платформа ұсынды. Бүгінде қаланың барлық мектебі Daryn Online, Bilimland платформаларымен келісімшартқа отырған. Қазіргі таңда ұстаздар интерактивті құралдар мен технологияларды, бейнесабақтарды пайдалануды меңгеруде. Маусым айында іске қосылған екінші онлайн платформа ұстаздардың өзара тәжірибе алмасуына, әдістемелік көмек көрсетуге арналған. Әр жұма сайын үздік ұстаздар белгілі бір тақырып бойынша онлайн конференцияда өз тәжірибесімен бөліседі. «Педагогикалық тәжірибе алаңы» барлық ұстазға қолжетімді. Білім беруді жаңғырту орталығы директорының орынбасары Сындар Дауешова тәжірибе алмасу мақсатында Кембридж университетінің профессорларымен байланыс орнатылғанын атап өтті. Жақында іске қосылған үшінші онлайн платформа ұстаздардың кәсіби біліктілігін арттыруға бағытталған. Academia.kz педагогикалық шеберліктің виртуалды зертханасы арқылы мұғалімдер түрлі курстардан өтіп, сертификат алады. Виртуалды зертханада Назарбаев зияткерлік мектептері мен еліміздегі ең үздік ұстаздарының авторлығымен енгізілген курстар жинақталған. Қазірдің өзінде бес мың маман онлайн сертификат алып үлгерді. Нұр-Сұлтан қалалық Білім беруді жаңғырту орталығы тамыз айында «Цифрлық педагогика: оқыту және тәжірибе» тақырыбында онлайн-оқыту өткізуді жоспарлап отыр. Онда 12480 мұғалім қамтылатын болады.

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

# ЗАҢДЫ БЕЛДЕН БАСҚАНДАР ЖАЗАЛАНАДЫ

**«Antikor Ortalygy» алаңында өткен брифингте ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Нұр-Сұлтан қаласы бойынша департамент басшысының бірінші орынбасары Жазира Жылқышиева, «Астана-адалдық алаңы» жоба жетекшісі Мирас Шекенов, ақпараттық-ағартушылық штаб жетекшісі Сәдібек Түгел жарты жылдықта атқарылған жұмыс нәтижелері жөнінде айтты.**




Мониторинг барысында мемлекеттік органдарда және ведомстволық бағынышты ұйымдарда нысандар, қызмет көрсету, кеңсе тауарлары мен интерьер заттарын сатып алуда нарықтық бағадан жоғарылау фактілері анықталды. Мәселен, білім басқармасы А4 форматындағы қағазды 2679 теңгеге сатып алуды жоспарлаған. Ал тауардың осы түрінің нарықтағы шекті бағасы 1400-ден 1500 теңгеге дейін құрайды. Осындай жағдай мектеп парталары мен орындықтарды сатып алуды жоспарлау кезінде де кездесті.

Білім басқармасы нарықтық бағада - 16000 теңгеден 20 000 теңгеге дейін тұратын мектеп партасы үшін мемлекеттік сатып алуды 53000 теңгеге жоспарлаған, орындықтарды 13000 теңгеге сатып алу жоспарланған, ал өнімнің бұл түрінің бағасы 6000-10000 теңгені құрайды. Жалпы, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің ұсынымдарына сәйкес білім басқармасы жалпы сомасы 60 миллион теңгеге мемлекеттік сатып алу жоспарларына өзгерістер енгізді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет «Protecting Business and Investments» жобасы аясында әкімшілік кедергілерді жою, ірі кәсіпкерлік субъектілерінің заңды құқықтары мен мүдделерінің бұзылуын болдырмау мақсатында инвестициялық жобаларға қолдау көрсетеді. «Tamos Space School» ЖШС пайда болған мәселелердің шешілуін атап өтуге болады.

ҚР Қылмыстық-процестік кодексінің 200-бабы аясында Департаментпен 63 ұсыным енгізілді. 29 тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды, оның ішінде: 3 тұлға қызметке толық сәйкес еместігі бойынша жұмыстан шығарылды, төртеуі лауазымынан босатылды. Қалғандарына ескертуден лауазымынан төмендетуге дейін шаралар қолданылды.

15 басшы бағыныштыларының заң бұзғаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Мысалы: Алаяқтық фактісі бойынша Республикалық эпизоотияға қарсы отряды РММ бөлімінің басшысына қатысты қозғалған қылмыстық іс аясында осы мемлекеттік мекеменің директоры С.Абдулхаликов бағынышты адамының құқық бұзушылығы үшін сөгіс түрінде тәртіптік жауапкершілікке тартылды; Қылмыстық құқық бұзушылық бойынша 28-баптың 4-б., 367-баптың 1-б. қарастырылған «Талдау және ақпарат орталығы» ШЖҚ МКК директорының орынбасары Д.Әліпбаевқа және басқа адамдарға қатысты қылмыстық іс қозғау шеңберінде - «Талдау және ақпарат орталығы» ШЖҚ МКК директоры Е.Әлиевке ескерту жарияланды; «№12 Балабақша – бастауыш мектеп» директоры Т.Жұмабай және №13 орта мектептің директоры К.Рахимбеков бюджет қаражатын бірнеше рет ұрлау фактілері бойынша қозғалған қылмыстық іс шеңберінде - қаржылық мәселелерді, оның ішінде мемлекеттік сатып алуға жетекшілік ететін Нұр-Сұлтан қаласы білім басқармасы басшысының орынбасары қызметінен босатылды; Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 200-бабына сәйкес елордалық сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментінің Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне жолданған ұсынымы бойынша аталған министрліктің жауапты хатшысының 1 маусымындағы бұйрығымен қарамағындағылардың сыбайлас жемқорлық әрекеті үшін Көліктік бақылау инспекциясының басшысы М.Конерказовтың лауазымы бас маманға дейін төмендетілді. Инспекцияның бас маманы С.Айдаркенов лауазымды тұлға бола тұра, бірнеше рет жүк тасымалдаушылардан пара алған.

«Нұр-Сұлтан қаласы Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы» ММ инспекторы А.Мейманқұловқа қатысты қозғалған қылмыстық іс шеңберінде «Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары О.Ибраеваға сөгіс жарияланды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің барлық ұсынымдары мемлекеттік органдар мен ведомстволық бағыныштағы ұйымдардың қатысуымен қаралды.

Сот үкімдерімен аяқталған қылмыстық істер бойынша бірнеше мысал келтіріп өтейін. Сонымен, өткен жылдың 18 желтоқсанында азаматша И.Самсонова Нұр-Сұлтан қаласы Әкімдігінің «№31 мектеп-гимназиясы» КММ-нің директоры бола отырып, қызметтік кабинетінде «Устаз» ЖШС аспазшысы А.Самойлюктан 742 000 теңге көлемінде пара алған.

2015 жылдың тамызынан бастап №13 орта мектеп директоры, азамат К.Рахымбеков өзінің қызметтік жағдайын пайдаланып, өзіне сеніп тапсырылған мүлікті ұрлау мақсатында бағыныштыларына мемлекеттік білім саласында қажетті білімі бар ресми жұмысқа орналасу үшін адамды іздестіру туралы өтінішпен жүгініп, аударылған және қолма-қол ақшаны мектеп қажеттілігіне жұмсалатынын айтқан.

№ 13 орта мектеп директоры К.Рахымбеков бұйрығы негізінде азамат К. еңбек шартының талаптарына сәйкес мұрағатшы қызметіне тағайындалған, бірақ, іс жүзінде мұрағатшы қызметін орындамаған. Оның жалақысы мектеп директорына түсіп тұрған. 2 673 013 теңге көлемінде алынған ақшаны мектеп директоры оқу орнының қажеттіліктеріне, қалған 400 000 теңгені өзінің жеке қажеттілігіне жұмсаған.

2020 жылдың ақпан айында азамат Рахымбеков К. өзіне сеніп тапсырылған мүлікті ұрлау мақсатында өзінің қызметтік жағдайын пайдаланып, арнайы құрал-жабдықтары бар «Сапатранс» ЖК басшысы азамат Т.Сапинді шақырып, оған мектеп аумағынан қарды шығаруға келісімшартты көтерме бағамен жасасуды және ол үшін ақшалай сыйақы төлеуге уәде берген.

2020 жылдың 15 наурызында бір топ адамдармен Т.Сапин Нұр-Сұлтан қаласы Шалкөде к-сі, 5 мекенжайы бойынша орналасқан оқу орнының аумағынан қарды жинап, шығарылуын қамтамасыз еткен. Кейін, азамат Рахымбеков К.К. жалпы сомасы 600 000 теңге болатын келісімшартқа және мектеп аумағындағы қардан тазарту бойынша аяқталған жұмыс актісіне қол қоюды қамтамасыз етті. Бұл әрекеті үшін азамат Сапин Рахымбековтің әйелінің картасына 440 000 теңгені аударды. 2020 жылдың наурызында азамат К.Рахымбеков өзінің қызметтік жағдайын пайдаланып, сеніп тапсырылған мүлікті ұрлау мақсатында мектеп қажеттілігі үшін жалпы сомасы 905 000 теңге болатын ақпараттық-тақырыптық баннерлерді сатып алу кезінде «Азия-Арт» ЖК басшысы М.Абишевті шақырып, оған үлкен сомаға келісімшарт жасау арқылы 183 000 теңге ақша төлеуге уәде берген. К.Рахымбеков және М.Абишев заңсыз әрекетке келісіп, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған. Бұл әрекеттер үшін азамат К.Рахымбеков Алматы аудандық № 2 сотының үкімімен кінәлі деп танылып, 10 230 000 теңге көлемінде айыппұл салынып, мемлекеттік ұйымдарда және квазимемлекеттік сектор субъектілерінде лауазымдарды атқару құқығынан өмір бойына айырылды.

Тағы бір мысал:

Азамат Шеверняев В.Ф. №3 кәсіптік-техникалық мектептің директоры қызметін атқарған кезде 2018 жылдың қыркүйегінде колледждің өндірістік оқытудың екі шеберін штат кестесіне сәйкес жалақы төлеп, шеберхана меңгерушісі және колледж бөлімінің басшысы лауазымына ауыстыру туралы бұйрыққа қол қойған. 2018 жылғы қыркүйектен желтоқсанға дейінгі кезеңде бұл қызметкерлер еңбек қызметін нақты атқармаған. Бірақ оларға бухгалтерия 1 229 447 теңге көлемінде төлеген. Кейіннен бұл қаражат банктік карталардан алынып, В.Ф. Шеверняевке аударылған.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің ережелеріне сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзған мемлекеттік қызметшілер де, жеке тұлғалар да сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Сонымен, осы жылдың 6 айында әкімшілік жауапкершілікке 5 жеке тұлға және 1 мемлекеттік қызметші тартылды. Салынған әкімшілік айыппұл сомасы 1 474 850 теңгені құрады.

**Асан БІТІМБАЙ,**
**ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігі Нұр-Сұлтан қаласы бойынша департаментінің қызметкері**

# 19 МИЛЛИОН ТЕҢГЕНІҢ ДӘРІ-ДӘРМЕГІ ТӘРКІЛЕНДІ

**Қалалық прокуратура мен полиция қызметкерлерінен тұратын бақылау тобы жүргізген рейд барысында елордалық дәріханаларда өткен аптада фармакология саласында қызмет көрсететін 31 тұлға (дәріхана қызметкерлері) дәрі-дәрмекті қымбат бағамен сатқаны үшін жауапкершілікке тартылды.**

Жалпы, рейдтер басталғалы бері медициналық заттарды Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып сатудың 65 фактісі анықталды, 71 адам ұсталды. 4891 пакет дәрі-дәрмектер, 179 термометр, 250 мыңнан астам медициналық маска, 20 мыңға жуық қолғап, 679 литр антисептикалық заттар тәркіленді. Тәркіленген дәрі-дәрмек пен медициналық заттардың жалпы сомасы шамамен 19 миллион теңгені құрады.

Полиция қызметкерлері Сауран көшесінде дәрі-дәрмектің заңсыз сатылуын анықтады. 21 жастағы қала тұрғыны жауапқа тартылып, «Клексан» препараты, сондай-ақ «Xarelto Rivaroxaban» және «Ceftriaxone» тәркіленді.



## НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНЫҢ ҚАЛАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЛАМАСЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 26-бабы 2-тармағына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының қалалық сайлау комиссиясы 2020 жылғы 12 тамызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты депутаттарының сайлауы бойынша Нұр-Сұлтан қаласының таңдаушылар тізімін жариялайды:

| № р/с | АӘТ | Туған жылы | Тұрғылықты жері |
|---|---|---|---|
| 1 | Абден Қарақат Жақсылыққызы | 1974 | Нұр-Сұлтан қаласы |
| 2 | Аюпов Аман Блялевич | 1964 | Нұр-Сұлтан қаласы |
| 3 | Батпенов Саят Нурланович | 1986 | Нұр-Сұлтан қаласы |
| 4 | Бекишев Есенжол Тускенович | 1961 | Нұр-Сұлтан қаласы |
| 5 | Гаипов Зулфухар Султанович | 1965 | Нұр-Сұлтан қаласы |
| 6 | Данбаева Гульнар Аманжоловна | 1964 | Нұр-Сұлтан қаласы |
| 7 | Есенжолов Еркегалий Темиргалиевич | 1960 | Нұр-Сұлтан қаласы |
| 8 | Жунусов Сарсембек Ендибаевич | 1960 | Нұр-Сұлтан қаласы |
| 9 | Жусупова Зауре Гинаятовна | 1961 | Нұр-Сұлтан қаласы |
| 10 | Куришбаев Ахылбек Кажигулович | 1961 | Нұр-Сұлтан қаласы |
| 11 | Мещеряков Илья Николаевич | 1982 | Нұр-Сұлтан қаласы |
| 12 | Нурпиисов Жанат Газизович | 1961 | Нұр-Сұлтан қаласы |
| 13 | Солодовников Сергей Петрович | 1969 | Нұр-Сұлтан қаласы |
| 14 | Сыдыков Ерлан Батташевич | 1956 | Нұр-Сұлтан қаласы |
| 15 | Табулдина Алтыншаш Жумашевна | 1968 | Нұр-Сұлтан қаласы |
| 16 | Таукен Қайырлы Кенесбекұлы | 1974 | Нұр-Сұлтан қаласы |
| 17 | Тулеутаев Мухтар Есенжанович | 1958 | Нұр-Сұлтан қаласы |
| 18 | Умербаева Рамзия Фаатовна | 1962 | Нұр-Сұлтан қаласы |
| 19 | Шайдаров Мажит Зейнуллович | 1959 | Нұр-Сұлтан қаласы |
| 20 | Шекенов Мирас Ергалиевич | 1971 | Нұр-Сұлтан қаласы |
| 21 | Шибкенов Зейнулла Рахимович | 1953 | Нұр-Сұлтан қаласы |

**Қалалық сайлау комиссиясының төрағасы** **В.Редкокашин**

Нұр-Сұлтан қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2020 жыл 24 шілдедегі ұйғарымымен БСН 080240019140, «Шуақ-ВентСистем» ЖШС-іне қатысты банкрот деп тану туралы іс өндірісі қозғалды. Барлық сұрақтар бойынша уақытша басқарушы Е.Касымсейтовқа 8(771) 072 05 15 тел арқылы жүгінуге болады.

## НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

Жоба

### «Нұр-Сұлтан қаласының аумағында тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2019 жылғы 26 қыркүйектегі № 430/55-VI шешімінің күші жойылды деп тану туралы

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңы 2-бабының 2-тармағына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. «Нұр-Сұлтан қаласының аумағында тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2019 жылғы 26 қыркүйектегі № 430/55-VI шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1247 болып тіркелген, 2019 жылғы 7 қазанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының сессия төрағасы** **З. Жүсіпова**

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының хатшысы** **М. Шайдаров**

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТТЫ ТІРКЕУ ТУРАЛЫ ҚАЛАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ШЕШІМІНІҢ КҮШІН ЖОЮ ЖАЙЛЫ НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНЫҢ ҚАЛАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЛАМАСЫ

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидат Д.Т. Сағындықовтан келіп түскен жеке өтінішін қарастырып, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 74-бабына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының қалалық сайлау комиссиясы 2020 жылғы 27 шілдеде Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидат ретінде Дархан Таңатұлы Сағындықовты тіркеу туралы шешімнің күшін жою жайлы шешім қабылдады.

**В.РЕДКОКАШИН,**
**Қалалық сайлау комиссиясының төрағасы**

# ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒЫНАН ӘЛСІЗ ТОПТАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

*(Жалғасы. Басы газеттің №86 (4055) санында)*

*Азаматтардың кезектілігі 2020 жылғы 28 ақпандағы жағдай бойынша берілді.*

| Кезек нөмірі | Тегі | Аты | Әкесінің аты | Кезекке қойылған күні | Санат |
|---|---|---|---|---|---|
| 15895 | ТОЛЕГЕН | ЖАНАР | | 05.09.2018 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 15896 | ЛАШКАРЁВ | ОЛЕГ | ИГОРЕВИЧ | 05.09.2018 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 15897 | ЗАКИРОВА | АЙНУР | ОРЫНБАСАРОВНА | 05.09.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15898 | КОСАНОВ | НУРКЕН | БОЛТАБЕКОВИЧ | 05.09.2018 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 15899 | БОГДАНОВА | ГАЛИНА | ОТТОВНА | 10.09.2018 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 15900 | АБИЛКАСИМОВ | АЛМАС | АМАНГЕЛЬДИНОВИЧ | 10.09.2018 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 15901 | ТЕЛЕПОВА | ЗАМИРА | АБДРАМАНОВНА | 10.09.2018 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 15902 | ОСПАНОВА | МАРИЯМ | АМАНГЕЛЬДИЕВНА | 10.09.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15903 | ЖАНДИЛДИНА | БАТЕШ | КОНКАЕВНА | 10.09.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15904 | БАЙМУРАТОВА | ПАТЫМА | | 10.09.2018 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 15905 | АКБАЕВ | САБИТ | ЖУМАШЕВИЧ | 12.09.2018 | Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына теңестірілген адамдар |
| 15906 | КУЖАХМЕТОВ | ХАДЖИМУРАТ | КАДЫРБАЕВИЧ | 12.09.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15907 | ЖАКСЫЛЫКОВА | РОЗА | СЕЙТКАНОВНА | 12.09.2018 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 15908 | КАЙРАТОВА | АЯУЛЫМ | МУХИТОВНА | 12.09.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15909 | БАЙСЕИІТ | РАНО | ПАЙЗҰЛЛАҚЫЗЫ | 12.09.2018 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 15910 | СЕМБИЕВА | БИБАЙША | | 12.09.2018 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 15911 | КАНАДИЛОВ | МАКСОТ | КАНАДИЛОВИЧ | 12.09.2018 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 15912 | УСЕНОВА | САГДАТ | ТАСТЫБАЕВНА | 12.09.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15913 | ЮЛДАШЕВ | КАЗЫБЕК | УСАРБАЕВИЧ | 12.09.2018 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 15914 | НУРШМАНОВ | ДУСЕНБЕК | | 12.09.2018 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 15915 | ЖАНБЕКОВА | МЕРУЕРТ | АМАНАЕВНА | 12.09.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15916 | НОКАСОВА | ДАНА | АЛИБЕККЫЗЫ | 12.09.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15917 | БОВА | ЕЛИЗАВЕТА | МИХАЙЛОВНА | 13.09.2018 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 15918 | МЫРЗАХАНОВА | ГУЛЬВИРА | МУРАТХАНОВНА | 13.09.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15919 | ЖАБАГИНОВА | ДЖАМИЛЯ | КАМИТЖАНОВНА | 13.09.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15920 | НУРГАЗИНА | ЭЛЬМИРА | БАКЫТТАЕВНА | 17.09.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15921 | ӘБСАДЫҚ | ГҮЛНӘЗ | ӨРІКБАЙҚЫЗЫ | 19.09.2018 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 15922 | ТҮЙМЕБАЙ | БАЛМИРА | САПАРҒАЛИҚЫЗЫ | 19.09.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15923 | ПЬЯНКОВА | ТАМАРА | ИВАНОВНА | 19.09.2018 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 15924 | АКИШЕВА | АНАР | КАЙРИДЕНОВНА | 19.09.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15925 | ДЮИКЕНОВ | ЕРИК | БАЗАРКАНОВИЧ | 19.09.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15926 | КАНГОЖИНОВА | ГУЛЬБАРШИН | БИКЕНОВНА | 19.09.2018 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 15927 | АБЖАНОВ | МИРАС | САЯТҰЛЫ | 19.09.2018 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 15928 | БЕДЕЛБАЕВА | МАКБАЛ | БОЛАТОВНА | 19.09.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15929 | АДОЛЬФ | ЕВГЕНИЯ | ВИКТОРОВНА | 19.09.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15930 | СЕИТОВА | ВЕРОНИКА | АЛЕКСАНДРОВНА | 19.09.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15931 | БЕКЕНОВ | БАУРЖАН | МАХСУТОВИЧ | 19.09.2018 | Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін аурулар тізімінде аталған кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын адам |
| 15932 | АКПАРОВА | САБИЛЯ | АМАНЖОЛОВНА | 19.09.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15933 | УТЕМИСОВА | ИНДИРА | БОЛАТОВНА | 19.09.2018 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 15934 | ЯНФУ | МАРЬЯМ | ДЖУМАРОВНА | 19.09.2018 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 15935 | УВАЛИЕВА | РИММА | ВАЛЕРИЕВНА | 20.09.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15936 | ДЖАКУПОВА | АЙНАШ | СЕРИКОВНА | 20.09.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15937 | МУРАТОВА | ТОЛКЫН | ГЫЛЫМТАЕВНА | 20.09.2018 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 15938 | ЕЛИКБАЕВА | АЙГУЛЬ | АМАНГЕЛЬДЫЕВНА | 20.09.2018 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 15939 | НУРМУХАНОВА | КАМАЛ | ЕЛУБАЕВНА | 20.09.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15940 | БИЖАНОВА | БОТАГОЗ | РЫСПАЙҚЫЗЫ | 20.09.2018 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 15941 | КАРТАЕВА | АЖАР | АЙТБАЕВНА | 20.09.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15942 | ЕРЖАНОВА | АЛИЯ | | 24.09.2018 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 15943 | ЕРЖАНОВ | АСЕТ | СЕИТБЕКОВИЧ | 24.09.2018 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 15944 | АХМЕДИНА | КУЛЬПАРАШ | ТАСТЕНОВНА | 24.09.2018 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 15945 | ТҮРКЕЙ | НҰРСҰЛУ | ДАЙРАБАЙҚЫЗЫ | 24.09.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15946 | ЖАМАНБАЕВА | ГУЛЬСИМ | КАПАНОВНА | 26.09.2018 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 15947 | КУРМАНГАЗЫЕВА | АЛИЯ | КУРМАНГАЗЫЕВНА | 26.09.2018 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 15948 | МУКУЖАНОВА | АЛМАГУЛЬ | САГЫНТАЕВНА | 26.09.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15949 | ТЫНЫСТАМБЕТОВА | ЖУЛДЫЗ | ЗАРЛИХАНОВНА | 26.09.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15950 | ЖАЙЛАУБАЕВА | БОТАКОЗ | БАДЕШОВНА | 26.09.2018 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 15951 | АЛЬХОДЖАЕВА | ГАУХАР | МУХАМЕДХАЛИЕВНА | 26.09.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15952 | ДОБРОСКОК | ВИКТОРИЯ | ВИКТОРОВНА | 26.09.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15953 | ТАЛАСОВА | ДИДАР | САГИНЖАНОВНА | 27.09.2018 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 15954 | АХМЕТОВА | ГУЛЬНАР | САБЫРОВНА | 27.09.2018 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 15955 | ДУНАСАРОВА | ЖАННА | ЕСЕНБАЕВНА | 27.09.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15956 | ЖУСУПБАЕВА | САНИЯ | БОРАНБАЕВНА | 27.09.2018 | Толық емес отбасылар |
| 15957 | ИСАБАЕВА | НАЗИРА | ТУЛЕУБАЕВНА | 27.09.2018 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 15958 | ПЛЕХАНОВА | КУЛЬЗИЯ | БАКТИБАИЕВНА | 27.09.2018 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
